

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 161 (9737) 1955 жылғы 14 август Жексенбі Шығуына 36 жыл. Жекенің саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ОБЛЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІ СОВЕТ ҮКМЕТІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫН БІРАУЫЗДАН МАҚҰЛДАУДА: Бейбітшілік үшін. Қолдау тапты. Зор қанағаттанғандықпен. Бірауыздан мақұлдады (1-бет).

Қазақстан халық шаруашылығы 1955 жылдың бірінші жартыжылдығында (1-бет).

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНДЕ. Республиканың колхоздары мен сов-

хоздарында 1956 жылғы егіске жерді әзірлеу туралы (2-бет).

КОНСУЛЬТАЦИЯ: Д. Әуелбеков. — Партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципін (2-бет).

Е. Есләмбеков. —Өнім шығаруды мөлайта беру күресінде (2-бет).

АСТЫҚ ҚОЙМАЛАРЫ ҚҰРЫЛЫСЫНДА: С. Қанафин. —Астық қоймаларын салу ісі жақсартылсын (3-бет).

С. Сутюшев. —Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудегі кемшіліктер тез жоюлысын (3-бет).

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ: Т. Кәнімов. —«Тыңды бағындырушылар» (3-бет).

Б. Жақыпов. —Аманкелді атындағы колхозда (3-бет).

КИНО. М. Нүрпейісов. —Колхоз жастары туралы фильм (4-бет). Шетел хабарлары (4-бет).

## Өнеркәсіпте техникалық прогресс онан әрі дамытылсын

Совет халқының бесінші бесжылдық жоспарды абыроймен орындау жолындағы күресінің барысында еліміздің өнеркәсібі мен экономикасының барлық салалары мейлінше күшті қарқынмен өркендеуде. Мұның өзі шаруашылықтың қандай ғана саласында болсын әрдайым келемі табыстарға жету дәстүрлі ісіне айналған совет адамдарының қажырлы еңбегі мен барған сайын дамып түсіп отыратын социалистік жарыстың ұлы күшінің игі нәтижелері болып табылады.

Өнеркәсіпті партиямыз бен үкметіміз алға қойған міндеттер дәрежесінде өркендету ісінде отандық ғылым мен техниканың атқарып отырған ролі орасан зор. Әсіресе, соңғы бесжылдықтар ішінде ғылым мен өндіріс арасында тығыз байланыс жасалуының негізінде өндіріске көптеген жаңалықтар енгізілді. СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысында атап көрсетілгеніндей, «автоматиканың, телемеханиканың, радиотехниканың, электрониканың ең жаңа жетістіктері өндіріске енгізілуде».

Өндірісті техникалық жағынан жетілдіре түсу —біздің табыстан табысқа жетуімізді қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі. Міне, бұл міндетті жете түсініп совет адамдары —инженер-техник қызметкерлер, жұмысшылар еңбек процесі барысында өздерінің творчестволық өй-өрісін кеңейте түсу арқылы осы іске лайықты үлестерін қосып келеді.

Петропавл қаласының кәсіпорындары ғана үстіміздегі жылдың өзінде жаңашылдардың рационализаторлық ұсыныстарын өндіріске енгізу арқылы ай сайын бір миллион сомнан аса қаржы үнемдейтін болған. Бұл—елеулі табыс. Бірақ барлық кәсіпорындарында бірдей өндірісте техникалық процесті онан әрі дамыта беру жолындағы күрес үдемелі қарқынмен жүргізіліп отыр деуге болмайды. Рас, кәсіпорындарының басым көпшілігінде, әсіресе, СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумынан кейін жаңа техника мен жаңалық әдістерді өндіріске енгізу ісі іскерлікпен және асқан ұйымшылдықпен жүргізілуде. Ондай кәсіпорындарының

былғары өнімдерін ғана шығарса, 1955 жылдың алғашқы алты айы ішінде мемлекетке 23 миллион дециметр былғары беріп отыр. Бұл —заводта қол еңбегінің механизм күшімен ауыстырылғандығының нәтижесі. Шикізат өңдеу цехында жаңадан жабдықталған жуу машинасы, терінің шетін сылғау арналған жабдық орнатылған. Бұлар негізінен заводтың жаңашыл жұмысшыларының творчестволықпен іздеуі арқылы жасалған жаңа жабдықтар. Сондықтан да коллективтің бйылары жылы өнімді өткен жылғыдан кемінде үш есе артық беруге мүмкіншілігі болып отыр.

Партиямыз бен үкметіміздің шақыруына үн қоса отырып, облыстық өнеркәсібі мен транспорттың, жергілікті өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары техникалық прогресті дамыта түсу жолындағы күресті көзгі кезеңде мейлінше күшті қарқынмен өрістете түсіп отыр. Бұл заңды да. Өйткені совет адамдары —қол жеткенге дауысуды білмейтін, әрбір істі бүгінгі талаптарға сай дамытып, өрге бастырып отыруды дәстүріне айналдырған творчестволық еңбектің адамдары.

Солдай бола тұрса да, жекелеген кәсіпорындарының шаруашылық басшылары мен инженер-техник қызметкерлері әлі күнге дейін техникалық прогресті дамыта түсу мәселесімен жете шұғылданбай келеді. Әрбір кәсіпорнының іске қосылмай жатқан жеп резервтері бар екендігі мәлім. Егер қосымша мүмкіншіліктерді іздестіріп табу арқылы жұмысшылар коллективінің творчестволық инициативасын өрістетуді қамтамасыз етсе, еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсартта түсу ісінде көзгіріден әлде қайда жоғары көрсеткіштерге жетуге болады.

Бұл жөнінде бір кәсіпорнынан —паровоз депосынан ғана бір мысал келтірейік. Көзгі уақытта тепловоз депосына айналып отырған ірі кәсіпорны соңғы кезде жаңа станоктармен, жабдықтармен толықтырыла түсті. Дешода өндірістің жаңа әдістерін тез меңгеруге жетіскен озат тоқарьлар, слесарьлар көптеп саналады. Мұның өзі жұмыстың кейбір участокте-

## Облыс еңбекшілері Совет Үкметінің сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдауда

### ★ Бейбітшілік үшін

Петропавл паровоз және тепловоз депосының коллективі ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин жолдастың ССРО Жоғарғы Советінің ІІІ сессиясында жасаған баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысын талқылауға арналған жыйналыс өткізді.

Жыйналыста бірінші болып сөйлеген нұсқаушы машинист Михайлов жолдас былай деді:

—Бейбітшілікті нығайту жолындағы Төрт держава Үкметтері Басшыларының Женевада өткізілген Кеңесінің тарихи зор маңызы болды. Дүние жүзі халықтарының атом қаруына тыйым салу, қантөгіс соғысты болдырмау, барлық елдер мен мемлекеттер арасында достық қарым-қатынасты жақсарту және ынтымақта бейбітшілікте өмір сүруге болатындығы жөнінде аңсап отырған арманын іске асыру жолында Женева Кеңесі игі бастама жасады. Бейбітшілікті онан әрі нығайта түсуде біздер, депо жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері, өндірістік жаңа табыстарға жете береміз.

Мұнан кейін дәлдік приборлар цехының қарт слесары Стенан Алексеевич Наумов сөз алып, былай деп мәлімдеді:

—Жер шарының барлық халықтары ұзақ жылдар бойына баянды бейбітшіліктің сақталуын тілейді. Бейбітшілікті нығайту жолында Совет үкметі жүргізген табанды күрес зор табыстарға жеткізді. Бейбітшілікті нығайта түсуде мен коллектив атынан өзіміздің күшіміз бен жігерімізді аямаймыз деп сенім білдіремін.

### ★ ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Петропавл МТС-нің механизаторлары ССРО Жоғарғы Советі үшінші сессиясының ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысын шын жүректен қолдауда.

### ★ ЗОР ҚАНАҒАТТАНҒАНДЫҚПЕН

Төрт держава үкметтері басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары туралы ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин жолдастың баяндамасы бойынша қабылданған ССРО Жоғарғы Советі үшінші сессиясының қаулысын жүргізушілігіміз асқан қанағаттанғандықпен қарсы алып қолдауда.

Қаладағы Электр өнеркәсібі министрлігі заводу жұмысшыларының Н. А. Булганин жолдастың ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясында жасаған Төрт держава Үкметтері Басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары туралы баяндамасына арналған жыйналысы болып өтті. Бұл жыйналысқа заводтың 200-ден аса жұмысшылары қатысты. Жұмысшылар жыйналыста сөз сөйлеп, еліміз халықтарының өмірлік мүдделеріне сай келетін бейбітшілік саясатын дәйектілікпен жүргізіп отырған Совет Үкметін шын жүректен құттықтады.

Заводтың № 1 цехының бригадирі Медведева жолдас былай деді:

—Бүкіл дүние жүзі адамдары соғыс аяқталғаннан соңғы 10 жыл уақыт ішінде үнемі жаңа соғыс хаушіне қарсы күресіп, бейбітшілікті табандылықпен, қажырлылықпен қорғап, мемлекеттердің жеке топтарының арасында орын алып келген «қырғылқабак соғыстың» үзілді-кесілді жойылуын талап етіп келді. Баянды бейбітшілікке мүдделі болып келген прогресшіл адам баласының бұл талаптары мен тілектерінің орындалуына ықты мақ және өзара түсінісу жағдайында өткен төрт держава Үкметтері Басшыларының Женевадағы Кеңесі айтарлықтай жол ашып отыр. Бұл жағдай бейбітшілікті сүйетін бүкіл адам баласын зор қуанышқа бөледі.

Мұнан кейін сөз сөйлеген қаңылтыршы Бектеміров жолдас өзінің сөзінде Төрт

держава үкметтері басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары барлық елдердің экономикасы мен мәдениетінің гүлденіп өсе беруі үшін өте қажет болып келген халықтар арасындағы достық қарым-қатынастың орнауына негіз салғандығын зор қуанышпен құттықтайтынн білдірді.

—Біздің халқымыз, —деді ол өзінің сөзінде, —бейбітшілік пен халықтар арасындағы достықты үнемі қолдап келеді және қолдай береді. Біз барлық халықтар мен экономикалық және мәдени қарым-қатынас жасаудың барлық елдердің ғылымы мен мәдениетінің өсіп гүлдені беруі үшін маңызды орын алатынын білеміз. Сондықтан совет халқы қандай елдермен болса да достық қатынастар болуды қолдап келеді. Тек қана 1954 жылдың өзінде біздің еліміздің спорт коллективтері мен мәдени және қоғамдық делегацияларынан 7169 адам шетелдерде болып қайтты. Егер мұндай қатынастар нығая берсе, сөз жоқ, халықтардың мәдениеті мен экономикасы гүлдене беруіне жол ашылады. Сондықтан біз Батыс пен Шығыс халықтары арасындағы қарым-қатынас жасауға кедергі болып келген барлық бөгеттердің жойылуын тілейміз.

Жыйналыс соңында завод жұмысшылары Н. А. Булганин жолдастың баяндамасында көрсетілген төрт держава үкметтері басшыларының Женева Кеңесінің қорытындыларын қанағаттанғандықпен қарсы алып, қолдайтындықтарын және Сыртқы істер министрлері кеңесінің бейбітшілікті жақтаушы прогрессивтік адам баласының мүдделеріне сай келетін шешімдерге келулеріне тілек білдірді. Сонымен қатар жұмысшылар жылдық міндеттемелерін асыра орындап, жыл аяғында мемлекетке екі миллион сомның өнімін артық беруге міндеттенді.

### ★ Жұмысшылар ойы

Екінші дүниежүзілік соғыстың аса ауыр апатты шөрінісі менің әлі көз алдымда.

—Бейбітшілік ісін нығайта береміз!

Бұл сөздерді фашист басқыншылығынан азат болған барлық елдердің адамдарынан естідік. Ұлы Отан соғысын тамаша жеңіспен аяқтап, елге қайтқан біздің ойымызда да осы бір ізгі тілек болды. Сол тілекпен бейбіт еңбекке кірістік.

Алайда бейбітшілік ісінің толық салтанат құруы үшін бұл ғана жеткіліксіз еді. Барлық адамзат ұлы мемлекеттер үкметтері арасында өзара түсінушілік пен достық қарым-қатынастар орнауын асыға күтті. Төрт ұлы мемлекет үкметтері басшыларының жақында болып өткен Женева Кеңесі, міне, осы игі тілекке берілген алғашқы жауап болды да оның нәтижелерін зор қанағаттанғандықпен қарсы алдық.

Женева кеңесінің қорытындылары туралы ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясында жасаған Н. А. Булганин жолдастың баяндамасы, сессияның қаулысы мен жұмыс істейтін шойын-қую таразы заводу жұмысшыларының арасында орасан зор өрлеу үстінде талқылануда. Завод коллективі сессия қаулысын қанағаттанғандық сезіммен қарсы ала отырып, жаңа өндірістік міндеттемелер қабылдауда. Мен соңғы бесжылдықтың ішінде 8 жылдық тапсырмасын орындаған едім. Ал үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығындағы көрсеткішім 233 процент болды.

Біз бейбіт еңбек адамдарымыз. Бізге соғыс керек емес, соғыс хаушіне қарсы жасалған әрбір қадамды құттықтай қарсы аламыз. Барлық совет жұмысшыларының ойы, міне, осы.

А. КУЗНЕЦОВ,

Шойын-қую таразы заводуның слесарі.

Бірауыздан мақұлдады

ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ



заводын (директоры Кузин жолдас), былғары заводын (директоры Шульжикский жолдас) тағы басқаларын қосуға болады.

Жоғарыда аталған Электр өнеркәсіп министрлігі заводынның бірқатар цехтарында үстіміздегі жылдың өзінде еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсартуға түсуді қамтамасыз ететін бірқатар құнды жаңалықтар өндіріске енгізілді. Мысалға заводтың Нина Тарасова, Давид Злобинский, Рафаил Лесняк жолдастар басқаратын цехтарын алуға болады. Лесняк жолдас басқарып отырған жөндеу-механикалық цехының коллективі кәсіргі уақытта станоктардың түрлі техникалық ақаулардан тоқтап қалмауына жетіскен. Өндірістің тоқары Демин, слесарьлар Шәрипов, Столбов жолдастар сыяқты озаттары әрбір цехта станоктерді дереу жөндеп отыруға қажетті құрал-саймандар мен бөлшектер орналастыратын арнаулы орын және аппарат жабдықтаған. Міне, мұның өзі қандай да болсын ақауды қолма-қол жойып, станоктарды бірден іске қосуға мүмкіншілік беріп отыр.

Бүкіл завод коллективінің осындай творчестволықпен еңбек етуінің нәтижесінде аталған кәсіпорны үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында жоспардан тыс біржарым миллион сомның өнімін берді. СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының «Өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту міндеттері туралы» қаулысы облыстың басқа да кәсіпорындарындағы сыяқты Октябрь революциясы атындағы былғары заводында да саяси және еңбек өрлеуін турғызды. Егер былғары заводы бүкіл өткен жыл бойына небары 15 миллион дециметр

есе артық орындалуына да мүмкіншіліктер берді.

Алайда депо цехтарының басшылары өндіріске жаңалық әдістер енгізу ісін арқашан қолдап отырады деуге болмайды. Жуырда арматуралық-токарлық цехта көп бұрандалы бөлшектер жасауға мүмкіншілік беретін жаңа аппарат орнату ісі қолға алынды. Бірақ аталған жаңалықты енгізу үшін бірқатар жаңа жабдықтаулар жүргізу қажет болды. Мұндай көлемді жұмысты атқаруды «қыйынсыңған» цех басшылары істі «кейінге қалдыруға» ұйғарған. Бұл жағдай өндірістегі техникалық прогресті дамыту ісіне керіне көзге нұқсан келтірушілік болып табылады.

Тек депо ғана емес, Петропавлдың жылу-электр орталығы, шағын двигателдер заводы сыяқты ірі кәсіпорындарында да жұмысшылардың творчестволық инициативасына жете мән бермеушілік, өндірістегі техникалық прогресті дамыта түсу үшін күреске бүкіл коллективті жұмылдыру ісімен тиісті дәрежеде шұғылданбаушылық сыяқты фактілер де кездеседі. Мұндай кемшіліктерді келешекте үзілді-кесілді жою керек.

Олай болса, кәсіпорындарының партия ұйымдары, шаруашылық басшылары, инженер-техникалық қызметкерлері СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысына сәйкес өндіріске жаңалық әдістерді және жаңа техниканы жеңінен енгізу жолындағы күресті үнемі басқарып отыруға, ол күреске жұмысшылардың қалың бұқарасының белсене қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Міне, сонда ғана бүгін таңдағы талаптарға сай өндірістегі техникалық прогресті дамыта түсуге жетісуге болады.

егіс далаларында егін орағы қызу қарқынмен жүргізілуде. Болхозшылар мен механизаторлар егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу үшін күресуде. Үгітшінің ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясының қаулысы бойынша өткізген өңгімесінен кейін МТС-тің комбайншысы Селезнев өзінің жолдастарының ой-пікірін білдіріп былай деді:

—Партия мен үкмет ауыр индустрия негізінде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге үнемі көңіл бөліп келеді. Бізге ауыл шаруашылығын алып адыммен алға бастыру үшін бейбітшілік керек. Бүкіл совет халқы партия мен үкметтің сыртқы саясатын қолдап бейбітшілік үшін күресуде.

Комбайншы Селезневтің сөзі мен ісінің арасында алшақтық жоқ. Көзір ол «Луч Ленина» колхозының егіс даласында сұлы шабуға кірісті.

Асанов МТС-нің механизаторлары да сессия қаулысын зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алып, оған жауап ретінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ 1955 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА

АЛМАТЫ, (ҚазТАГ). Қазақ ССР статистика басқармасы республиканың халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының 1955 жылғы бірінші жартыжылдықта орындалуының қорытындыларын шығарды.

Қазақ ССР территориясында орналасқан өнеркәсіп бойынша жалпы өнім өндірудің 1955 жылдың бірінші жартыжылдығының жоспары 103 процент орындалды, оның ішінде одаққа қарайтын кәсіпорындар 100,9 процент, ал республикаға қарайтын кәсіпорындар 104 процент орындалды.

Қазақ ССР өнеркәсібінің жалпы өнімі 1955 жылдың бірінші жартыжылдығында өткен жылдың осы уақытындағымен салыстырғанда 16 процент артты.

Ауыр өнеркәсіп өнімінің өте маңызды түрлерін өндірудің — мұнай, борат шығарудың, болат, қорғасын, мырыш, тазармаған мыс, қара металдар прокатын, ферросплав өндірудің жоспары асыра орындалды.

Көпшілік тұтынатын товарлар: металл кроваттар, алюминий ыдыстар, жүн мата мен мақта мата, іш-киімдік трикотаж, шұлық-ұйық бұйымдары, былғары аяқкиім, ет, нан, булка және мақорон тағамдары, жарма, түрлі консервілер жартыжылдық жоспардан тыс шығарылды.

Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігі, Қазақ ССР Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі, Қазақстан кәсіпшілік советі жалпы өнім

хсздың № 3 дала бригадасындағы қос басына колхозшылар, механизаторлар жыйналды. Олар төрт держава үкметтері басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары туралы ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин жолдасының ССРО Жоғарғы Советінің III сессиясында жасаған баяндамашы бойынша қабылданған қаулыны талқылады. Үгітші Шәйкен Қалықов жолдас газеттен қаулының текетін оқып, оны бірнеше мысалдармен кең түсіндіріп берді. Жыйналыста бірінші болып трактор бригадасының бригадирі Иван Ящик жолдас сөйлеп, былай деді:

—Совет Одағы бастаған бейбітшілікті жақтаушы халықтар көзір зор жеңіске жетті. Дүние жүзінің еңбекшілері атом қаруының жойылуын, ешуақытта да қантөгіс соғыстың болмауын шын ниетімен тілеп отыр. Мен де бейбітсүйгіш еліміздің еңбекшілері сыяқты партиямыз бен үкметіміздің бейбітшілік мүддесі үшін жүргізіп отырған сыртқы саясатын қуаттай отырып, жаңа астықты жыйнауда

Дәл осы күні қой фермасында үгітші Бейсен Мұстафин жолдас шопандарға ССРО Жоғарғы Советінің III сессиясының материалдарымен жан-жақты таныстырды. Сессия материалдарымен толық танысып болған шопандардың атынан, ара шопан Пішенбай Мақанов былай деп мәлімдеді:

—Біз туысқан партия мен үкметіміздің бейбітшілікті нығайту жолындағы саясатын шын жүректен қуаттап, қой шаруашылығын өркендету түсуде күш жігерімізді аямаймыз. Жүн қырқуда әрбір қойдан 500 грамм жүнді артық алуға жетісеміз.

Колхоз егіншілері мен мал өсірушілері Совет үкметінің сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдады.

Жыйналыста машинистер, тепловоз жүргізушілер, слесарьлар мен токарлар сөз сөйледі. Олардың барлығы Совет үкметінің бейбітшілікті нығайту жолындағы сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдады.

өндіру жөнінде 1955 жылдың бірінші жартыжылдығының жоспарын асыра орындағанымен, заттай алғанда өнеркәсіп өнімінің жеке түрлерін өндірудің жоспарын орындамады.

Кейбір министрліктер бойынша жартыжылдық жоспар тұтас алғанда, орындала тұрса да кәсіпорындардың едәуір бөлігі өнім шығару жөнінде өздеріне белгіленген жоспарларды орындамады.

Республиканың өнеркәсібі шығарылатын өнімнің сапасын бірсыпыра жақсартты. Бірақ бірқатар министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың басшылары жоғары сапалы өнім шығаруды және кейбір товарлардың өседелуін жақсартуды қамтамасыз етпей, қажетті шараларын қолданбады.

Егіс көлемі өткен жылдағымен салыстырғанда 1,8 есе ұлғайды, жаздық дақылдардың егіс көлемі екі есе, оның ішінде ең бағалы азық-түліктің дақыл — бидайдың егіс көлемі 2,3 есе артты.

1955 жылы республиканың колхоздары мен совхоздарында егін егілген жердің жалпы көлемінің 55 проценті тың және тыңайған жерлер болды, оның ішінде егілген дөңді дақыл — 60 процент.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларына сәйкес Қазақстан ітң колхоздары, машина-трактор станциялары және совхоздары жүгері егісінің көлемін едәуір ұлғайтты. Егер бұдан бұрынғы жылдарда аз мөлшерлі жүгері егумен негізінен оңтүстік облыстардың колхоздары, совхоздары және басқа категориялардағы шаруашылықтары ғана шұғылданғаны белгілен болса, ал үстіміздегі

жылы республиканың барлық облыстарында, 800 мың гектардан аса жүгері егілді.

Үстіміздегі жылы республиканың колхоздары, машина-трактор станциялары және совхоздары тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру жөнінде зор жұмыстар жүргізуде. МТС-тер мен совхоздар 1954 жылы және 1955 жылдың бірінші жартыжылдығында 14,7 миллион гектар тың және тыңайған жер жыртып, оның 10 миллион гектарына егін егілді.

Колхоздарда сүт өндіру ұлғаюуда. 1954 жылдың бірінші октябрінен 1955 жылдың 1 июліне дейінгі 9 айдың ішінде 1953—1954 жылдардағы осы уақыттардан сүт 20 процент көп сауылды. Әрбір сыйырдан алынған сүттің орта мөлшері өткен жылдағымен салыстырғанда 17 процент артты.

1954 жылғы бірінші июльдегімен салыстырғанда қой мен шошқа көбейді. Мұнымен қатар Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің совхоздарында мал шаруашылығының өнімін өндіру артып, өнімді малдың саны көбейді.

Көптеген машина-трактор станциялары, колхоздар мен совхоздар шөп жыйнайтын машиналарды жөндеу ісін мерзімінде аяқтауды қамтамасыз етпеді, сөйтіп, шөп жыйнау және жемшөп дайындау жұмыстары нашар жүргізуде. Жемшөп сүрлейтін құрылыстар, әсіресе күрделі құрылыстар салу жұмыстары қанағаттанарлықсыз жүргізілуде. Республиканың колхоздары мен совхоздарында мал қораларын салудың жоспары нашар орындалууда.

1955 жылдың бірінші жартыжылдығында жұмсалған мемлекеттік күрделі қаржының көлемі 1954 жылдың бірінші жартыжылдығындағымен салыстырғанда 2,1 есе артты. Тұрғын үй құрылысына күрделі қаржы жұмсау 59 процент көбейді. Тың және тыңайған жерлер игеріліп жатқан аудандарда өндірістік және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер салу анағұрлым кең көлемде жүзеге асырылуда.

Жоғарғы Советінің үшінші сессиясының Женева Кеңесінің қорытындысы жөніндегі қарарларын қызу қуаттауда.

Ауданың ауыл шаруашылығы еңбекшілері сессия қарарына жауап ретінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты жеңінен өрлетуде. Маленков атындағы колхоздың колхозшылары қысқа мерзім ішінде 350 гектар қара бидайды ысырапсыз жыйнап алды. Жүздеген центнер жаңа егіннің астығын «Заготзерно» пункттерінде тапсырды. Преснов МТС-нің осы колхозда жұмыс істейтін комбайншысы Ф. Пауль аз күннің ішінде 200 гектарға жуық күнбағыс мен қара бидай орды. Ал, комбайншы Л. Воронов жүз гектар қара бидай және жүз гектар өкпе шөп орды. Мұндай комбайншылар ауданда онан саналады.

Аудан еңбекшілері партия мен үкметтің сыртқы саясатын шын жүректен мақұлдай отырып, сүйікті Отанның онан әрі көркеюі жолында табандылықпен еңбек ететіндіктерін мәлімдеуде.

### Алғашқы үш миллион гектар егін жыйналды

Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында көзір 30 мың комбайн егін жыйнап жүр. Үстіміздегі жылы республиканың колхоздары мен совхоздары 17,5 миллион гектардан астам алаңдан дөңді дақылдар жыйнауға тиіс. Быйыл негізгі азық-түліктің дақыл — бидай егілген алаң өткен жылғыдан 6 миллион 640

мың гектар артық. Жүгері егісінің алаңы 20 еседен астам көбейтілді. Тары егісі 1 миллион 400 мың гектар — өткен жылғыдан екі есеге жуық артық егілді.

Республикада алғашқы 3 миллион 198 мың гектар егін жыйналды.

(ҚазТАГ).

### 8 миллион гектар тың көтерілді

Қазақ ССР-ның колхоздары мен совхоздарында 8 миллион 51 мың гектар тың және тыңайған жерлер көтерілді, бұл өткен жылы осы уақытқа дейін жыртылған жерлерден біржарым миллион гектар артық. Көкшетау және Ақмола облысының колхоздары мен совхоздары, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Семей, Жамбыл, Гурьев және Қызылорда облыстарының колхоздары жаңа жерлерді көтеру жөніндегі тапсырманы ең жақсы мерзімде ойдағыдай орындап шықты және жоспардан тыс жер жырту әді де

жүргізіліп жатыр. Республикадағы 300-ден астам совхоз көзірдің өзінде тың және тыңайған жерлерді жырту жөніндегі тапсырманы орындады.

1954—1955 жылдарда Қазақстанда барлығы 16 миллион гектардан астам жаңа жерлер көтерілді.

Тың көтеру әлі жүріп жатыр. МТС-тер мен совхоздардың механизаторлары арасында 1956 жылдың егіні үшін жерді неғұрлым тез дайындау жолындағы жарыс жаңа күшпен өрстей түсуде.

(ҚазТАГ).



Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінде

Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1956 жылғы егіске жерді әзірлеу туралы

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың назарын 1956 жылы егіннің шығымдылығын арттырудың және астықтың, басқа ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін едәуір молайтудың шешуші табыстарының бірі ретінде үстіміздегі жылы зяб жұрту жоспарын орындаудың және республиканың барлық колхоздары мен совхоздарында жаздық дақылдарды әзірленген жерлерге себуге толық көшудің ерекше зор маңызы бар екендігіне аударды.

Колхоздар мен совхоздардың көпжылдық тәжірибесі, онымен бірге ғылыми-зерттеу мекемелерінің мәліметтері ерте мерзімдерде дайындалған зябты егілген жаздық дақылдар неғұрлым жоғары өнім беретінін ерекше айқын көрсетіп отыр. Мұнымен бірге күзден бастап әзірленген жердің болуы колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға 1956 жылы жаздық дақылдарды себу жұмысын ең қысқа және агроэкономикалық жақсы мерзімдерде өткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі былай деп есептейді. Үстіміздегі жылы зяб жұрту жөніндегі жұмыстардың шәлемі ерекше өсіп отырғанына қарамастан, Қазақстанның колхоздарында, МТС-тері мен совхоздарында тракторлардың және топырақ өңдейтін құралдардың саны жеткілікті, жерді ерте мерзімдерде — август, септябрь ішінде әзірлеуді толық аяқтау үшін қажетті жағдайдың бәрі де бар.

1956 жылдың егісіне арналған жерлерді үстіміздегі жылы әзірлеу жоспарын сөзсіз орындау мақсатында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктеріне, облыстық атқару комитеттеріне, аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС-тер мен совхоздардың директорларына барлық колхоздар мен совхоздарда зяб жұрту жұмысын дереу өрістетуге қажетті шаралардың бәрін қолдануды және әрбір колхоз бен совхозда жаздың егістің барлық көлеміне арналған жерлерді әзірлеу жоспарын орындауды қамтамасыз етуді міндеттеді.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советі республика колхоздарында зяб жұрту жоспарының көлемін 1956 жылғы жаздық дақылдарды әзірлеу жұмысына қажетті мөлшерде қамтамасыз етілсін;

ген аудандардың, МТС-тердің, совхоздар мен колхоздардың басшыларының егін жыйнау жұмысы аяқталғаннан кейін трактор бригадаларына жеткілісіз көңіл бөлуін, бригадаларда болмауын және тракторшыларға, колхозшыларға, совхоздардың жұмысшыларына қажетті үй-тұрмыс, өндірістік жағдайлар жасау туралы қамқорлық етпеуін теріс деп санайды. Облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, МТС-тердің, совхоздардың директорлары және колхоздардың басқармалары трактор бригадаларына басшылығын жақсартуға, оларда еңбекті дұрыс ұйымдастыруға шаралар қолдануға, техникалық жағынан ұқыпты қызмет етуді қамтамасыз етуге, техникалық және басқа себептермен тракторлардың босқа тұруларына жол бермеуге, трактор бригадаларының қызметкерлері үшін қорамдық тамақ ұйымдастыруға және оларға қажетті үй-тұрмыс жағдайларын жасауға, мәдени қызмет етуді жолға қоюға міндетті.

бескүндік мерзімде зяб жұрту жөніндегі тапсырмалар МТС-терге, колхоздарға, совхоздарға, трактор бригадаларына, әрбір тракторшыға жеткізілсін және ол тапсырмалардың орындалуына қатаң бақылау орнатылсын;

зяб жұртуға қажетті мөлшерде тракторлар бөлінсін, сол сияқты комбайндарға бекітілген тракторлар егін жыйнаудан бос кезінде жер әзірлеуге пайдаланылсын. Тракторлардың төулж бойы жұмыс істеуі ұйымдастырылсын, бұл үшін барлық тракторлар тракторшылардың, тіркеушілердің емі сменасына толықтырылсын, тракторлар электр жарығымен жабдықталсын, бригадаларға жанар және жағар материалдардың үздіксіз жеткізілуі қамтамасыз етілсін;

егіс далаларынан сабанның деркесінде жыйналып алынуына ерекше көңіл бөлінсін, сөйтіп комбайндардан шығарылған сабанның бәрі егін орынысымен іле жыйналып, майлансын;

аңыздарды сыдыра жұрту жұмысын деркесінде жүргізу қамтамасыз етілсін, комбайнды агрегатта сыдыра жұрту жөнінен қолданылсын.

Облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, ауыл шаруашылығы мен совхоздардың облыстық басқармаларына, МТС-тердің, совхоздардың директорларына және колхоздардың басқармаларына зяб жұрту жұмысының сапасына қатаң бақылау орнату, зяб жұрту мен аңызды сыдыра жұртудың сапасы үшін МТС-тер мен совхоздардың агрономдарының жауапкершілігін арттыру, ал ақау қалдырып тайыз жұртуға жол берген айыпты адамдарды қатаң жауапқа тарту міндеттелді.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советі Қостанай, Павлодар, Талдықорған, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және басқа облыстардың тың көтеру жұмысын онан әрі созуы кешірілсіз деп танып, Ауыл шаруашылығы мен Совхоздар министрліктеріне, жоғарыда көрсетілген аудандардың, МТС-тердің, совхоздар мен колхоздардың директорларына, трактор бригадаларына, тіркеушілер, трактор бригадаларының бригадирлері, олардың көмекшілері және есепші-май құюшылары үшін зяб жұрту жөніндегі маусымдық тапсырмаларды асыра орындағаны үшін белгіленген ынталандыру шараларын оларға жеткізу тапсырылды. Күзгі маусымда, МТС-тің колхоздармен жасасқан договорларында көрсетілген мерзімде зяб жұрту жөніндегі тапсырманы асыра орындағаны үшін тракторшыларға, тіркеушілерге, трактор бригадаларының бригадирлеріне, олардың көмекшілеріне және есепші-май құюшыларға бұл көрсетілген қосымша ақы трактор бригадасы зяб жұрту жөніндегі тапсырмаларды мерзімінде асыра орындаған жағдайда ғана есептеледі.

Петропавл вагон депосының тоқары Борис Измаилов Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, сменалық екі норма орындауға жетісіп жүр.



Петропавл вагон депосының тоқары Борис Измаилов Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, сменалық екі норма орындауға жетісіп жүр.

СУРЕТТЕ: тоқарь Б. Измаилов жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Үгітшілер семинары

Қазақстан КП Совет аудандық комитеті ауданының МТС-тері мен совхоздарында үгітшілердің семинарларын өткізді. МТС-тер мен совхоздарда болған үгітшілер семинарларына 380 адам қатысты.

Үгітшілер семинарларында аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретарьлары Бигожин, Садуов, Павленко жолдастар және басқалары «СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысы және үгітшілердің міндеттері» деген тақырыпта баяндамалар жасады. Саяси бұқаралық жұмысты жүргізудің әдістері жөнінде МТС, совхоз партия ұйымдары секретарьлары баяндамалар жасады. Мұнымен бірге семинарға қатысушылар халықаралық жағдай жөнінде лекция тыңдады.

Семинар соңында үгітшілер өзара пікір алысып, тәжірибе ауыстырды.

Н. ЕРДЕНОВ.

Мемлекетке ет тапсыру жоспарын орындады

Совет ауданының колхоздары мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруда. Шағалы МТС-нің қамтуындағы Киров атындағы, Каганович атындағы колхоздар жоспар бойынша тапсырылуға тиісті сүттің 75-80 процентін тапсырды. Енді аз мұнымен кейін колхоздар мемлекетке ет тапсыру жоспарын орындайды.

ТАСС-ТЫҢ ХАБАРЫ

Соңғы уақыттағы жағдайлар, әсіресе төрт держава Үкіметтері Басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары халықаралық қатынастардағы шиеленісті бір-сыпыра бәсеңдетуге қол жеткенін көрсетіп отыр.

Халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету және мемлекеттер арасында өкім орнату мақсатымен Совет Үкіметі 1955 жылдың 15 декабріне дейін Совет Одағының Қарулы Күштерінің санын 640 мың адамға қысқарту жөнінде қарар қабылдады.

Армия мен флот қатарынан босатылатын Қарулы Күштердің адам құрамы тұрған жеріндегі кәсіпорындарда, совхоздарда және колхоздарда жұмыс істеу қамтамасыз етіледі.

Өнім шығаруды молайта беру күресінде

Қаладағы А. П. Микоян атындағы ет-консерв комбинатының барлық жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері және қызметшілері СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Озат кәсіпорны коллективі соңғы жылдары мемлекеттік тапсырманы ұдайы асыра орындап, жоспардан тыс миллиондаған сомның ет және ет-консерв тағамдарын беріп келеді.

Үстіміздегі жылдың өткен алты айында да коллектив мүшелері зор өндірістік табысқа ие болды. Комбинат жалпы өнім шығару жөніндегі жартыжылдық жоспарды 148,5 процент, ал товарлы өнім шығаруды 150,4 процентке дейін жеткізе орындады. Бұл комбинатта еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға және өнімнің өзіндік құнын ұдайы кемітіп отыруға әрдайым ерекше көңіл бөлінеді. Сондықтан да істің мұндай маңызды саласында едәуір қол жеткен табыстар да бар. Осы жылдың өткен алты айында комбинатта еңбек өнімділігі 128,7 процентке артып, шығарылған товарлы өнімнің өзіндік құны 7,1 процентке дейін кемітілді.

Өнім шығаруға жұмсалатын отын, электр қуаты, шикізат және материалдар мен құрал-жабдықтарды ұқыпты, үнемді жұмсаудың нәтижесінде коллектив осы жылдың бірінші жартысының өзінде мемлекетке 9 миллион 600 мың сомнан астам пайда келтірді.

А. П. Микоян атындағы Петропавл ет-консерв комбинатында соңғы айларда өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу жүзеге асырыла бастады. Мәселен, осы жылдың өткен алты айы ішінде негізгі қорға жатпайтын шикізаттан шұжық жасау ісі өткен жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда біржарым есе артып түсті.

Кәсіпорнында өндіріс жұмысының бір-келкі жүргізілуіне жетудің және өнімді қатаң график бойынша біркелкі шығарып отырудың маңызы өте-өте зор. Мұны жеті түсінген коллектив адамдары бийылғы жылы да бірсыпыра ұйымдастыру-техникалық шаралар белгілеп, оны жүзеге асы-

ететін өндіріс орындарының жұмысы жөнінде еліміздің көптеген тәжірибелі инженерлері сөз сөйледі. Мұнда, әсіресе Фрунзенск және Бакинск ет комбинаттарының өндіріс қалдықтарын іске жарату әдістері үлгі аларлықтай екендігі айтылды. Аталған комбинаттар қор жыйнаудың белгіленген мемлекеттік тапсырмасын үнемі екі-үш есе асыра орындап отыруға жетіскен.

Москваның А. П. Микоян атындағы ет-комбинатының да өндіріс өнімін арттыра беруге және оның қалдығын іске асыруда қолданып келген әдістері үйренуге, біздің комбинатта өндіріске пайдалануға тұрарлық. Москва комбинатында тарамақ жарамсыз шикізаттан асқадай өнім шығару кеңінен жүзеге асырылған. Әсіресе, мал мүйіздері мен тұяқтарының өзі де мұнда қайта өңделіп, ұнға айналдырылды. Ол ұннан престелген бұйымдардың көп түрлері жасалады. Атап айтқанда: автомашиналарға пластикаллы приборлар, үй тұрмысына қажетті бұйымдар, балалар ойыншықтары тағы басқалар.

Өндірістің жекелеген учасктортерін жаңадан жабдықтамайынша және технологиялардың прогресінің жана әдістерін бүтіндей өндіріске енгізбейінше біздің комбинатта мұндай өнімдердің түрлерін шығару мүмкін емес. Солай бола тұрса да, комбинат дирекциясы, партия, кәсіподақ ұйымдары өндіріс қалдықтарын толық пайдалану, оның есебінен жаңа өнім түрін шығарып беруге күні осы уақытқа дейін мән бермей, бұл жұмыстармен шұғылданбай келеді.

Комбинатта сойылған малдардың терілерін тазарту осы уақытқа дейін сілтілеу әдісімен атқарылады. Бұл әрине, ескірген әдіс. ССРО Ет өнеркәсібі министрлігі комбинатқа мал терілерін үйгіл тазалайтын пеш жіберген еді. Бұл пеш цехқа орнатылғалы едәуір уақыт өтті. Амаз қанша, іс тек пешті орнатқан ғана бітіп, пайдалануға беру ұмдытылып отыр. Ет-бөлшектеу цехына қатысты сүйекті ет өнімдерін ұсақтатын машина



5891,4 мың гектар етін бөкітті.

Келесі жылдың егісіне арналған жерлерді өңдеуді тәжірибесі мен агротехникасын неғұрлым дұрыс белгілеу үшін, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советі МТС-тер мен совхоздардың директорларына ауыл шаруашылығының мамандарын және колхоздардың басқармаларын қатыстыра отырып, бірінші мерзімде келесі жылдың егісіне арналып, әзірлеуге тиісті жерді сол күйінде байқауды, топырақтың жағдайына сүйене отырып, әрбір колхоз бен совхозда қанша жердің шым қабатын аударып, зиябке жырттылуың, Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша қайырмасыз плугтармен шым қабатын аудармастан және диокелі құралдармен топырақтың бегін қопсыту жолымен қанша жердің зиябке жырттылатынын анықтауды міндеттеді. Облыстық және аудандық партия коми-

тетушілердің облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне тиіс және тыңайған жерлерді көтеру жұмысының тапсырмаларын орындауды таяу арада аяқтауды міндеттеді.

Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктері, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, МТС-тер мен совхоздардың директорлары зияб жыртумен қатар парды және көтерілген тыңды өңдеу жұмысын күшейтуге қажетті шаралар қолдануға міндетті, МТС-тер мен совхоздар басшыларының ұқыпсыз қарауының салдарынан пардың едәуір көлемі әлі күнге дейін өңделмей, арамшөп басып кету фактілері мүлде жөшіргісіз деп санайды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі көпте-

ген Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі облыстық және аудандық партия комитеттерін, Қазақстан КСЖО Орталық Комитетін сменалық жұмыс нормаларын толығымен және асыра орындау, әрбір МТС-те, колхозда және совхозда жұмысты жоғары сапалы жүргізіп, зияб жырту жоспарын держесінде орындау жолында механизаторлар арасындағы социалистік жарысты өрістегуге міндеттеді.

Облыстық және аудандық партия комитеттерін, облыстық атқару комитеттерін мен аудандық атқару комитеттерін зияб жырту жұмысының барысын ұдайы бақылап, әрбір МТС-те, колхозда және совхозда зияб жырту графині орындау жөнінде оперативтік шаралар қолдануға міндеттеді.

тыс сүт беретін болады.

Каганович атындағы колхоз мемлекетке ет тапсырудың жылдық жоспарын ойдағыдай орындап шықты. Сондай-ақ, «Борьба за коммунизм» колхозы да мемлекетке ет тапсыру жоспарының 80 проценттен астамын орындады.

С. ТӨЛЕШОВ.

### Қарпшардың көмегі

«Жаңа тұрмыс» колхозының (Коптохов ауданы) еңбектен жасы асқан қариялары қоғамдық мал үшін берік жемшөп базасын жасауға көмектесуде. Қарттар Ж. Жүсіпов, К. Топанов, Т. Жайлаубаев және басқалары өз меншігіндегі көліктерімен мал фермаларына шөп тасып жүр. Кәзірдің өзінде колхозда қысқы мал қоралары қасына 6 мың центнерге жуық жемшөп тасыды.

Қ. ТАУБАЕВ.

және жаңашыл-слесарь Лозенко жолдастардың инициативасы бойынша мал қанынан тағамдар жасайтын жабдық монтаждалауда. Бұл жаңа техника таяудағы күндер ішінде пайдалануға берілді. Сол сияқты негізгі қорға жатпайтын ет және консерв тағамдары қалдықтарын қайта өңдеу ісі де жақын арада жүзеге асырылмақ.

Комбинатта халық тұтынатын бұйымдар шығару мақсатымен жаңадан цех ашу жұмысына дайындық жүргізіліп жатыр. Бұл цехтың көркем бұйымдар шығаратын жеке бөлімі болады. Кәзір ашылатын жаңа цехта жұмыс істейтін мамандар даярлау ісі қолға алынамақ.

—Бұл—өндіріс қалдықтарын пайдаланудың бастамасы ғана,—дейді комбинаттың бас технологі Ш. Козлова жолдас,—мен жақын арада Отанымыздың астанасы Москва қаласына барып, ет өнеркәсібі қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатынастым. Бұл кеңесте өздері еңбек-

уақыт өтті. Бірақ жоғары өнімді жұмыс істейтін бұл машинаны өндірсекке пайдалану ісі әлі күнге жүзеге асырылған жоқ.

Ет-консерв комбинатының барлық жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің және қызметшілерінің алдына қойылып отырған кәзіргі міндет өткен жылдардағыдан әлдеқайда көлемді және жауапты. Бұған жаппай өнім шығару маусымы басталғаннан бері күн сайынғы шығарылған өнім өткен жылғымен салыстырғанда біржарым есеге дейін артып отырғандығы толық дәлел.

Комбинат коллективі өнім шығаруды молайту, оның сапасын жақсарту, шығарылатын өнімнің түсер бағасын арзандату жолындағы социалистік жарысты мейлінше пәрменді қарқынмен жүргізіп, қала кәсіпорындарының алдыңғы сапынан таймайтын болады. Сөйтіп, партияның ХХ съезін өндірістегі жаңа және зор табыстарымен қарсы алады.

А. ЕСЛӘМБЕКОВ.

### Консультация

## ПАРТИЯ ОҚУЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕРІКТІЛІК ПРИНЦИПІ

Еріктілік принципі бұрмалау фактілері біздің облысымызда партия оқуы жүйесіндегі өткен оқу жылында да орын алды. Мұның басты себебі, кейбір партия ұйымдарының секретарьлары, басқа да партия қызметкерлері еріктілік принципінің мәнісін терең түсінбеді, сөйтіп кейбір жерлерде тіпті өрескел қателіктерге де жол берілді.

Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылы жақындап келеді. Бәзір облысымыздың бірқатар партия ұйымдары коммунистерді партия оқуы жүйесіне орналастыру жұмыстарын жүргізуде. Быйылғы жылы партия оқуын дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін жергілікті партия ұйымдары еріктілік принципінің қатаң түрде жүзеге асырылып болулары керек. Өйткені партия оқуының табысты болуының алғы шарты коммунистердің саяси оқуын дұрыс ұйымдастыру, олардың оқу формаларын өздерінің талап-тілектеріне сәйкес, сондай-ақ жалпы білім және саяси даирлықтарына қарай, өндірістік жұмысының ерекшеліктеріне қарай дұрыс таңдап алуларына жәрдемдесу болып табылады.

Партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципінің мәні неге? Оны мүлтіксіз жүзеге асыру үшін не істеу керек? Міне бұл мәселелерден жергілікті партия ұйымдары дұрыс түсінік алғаны жақсы.

Коммунистік партияның Уставында коммунист: «өзінің санағылығын арттыру жолында, марксизм-ленинизм негіздерін ұғыну жолында жұмыс істеуге міндетті» деп жазылған. Ал Уставтың бұл

талабын партия мүшесі немесе партия мүшелігіне кандидат партия оқуы жүйесінде орындайды. Бұл әрбір партия ұйымының шеңберінде жүргізілетін ішкіпартиялық жұмыс. Сондықтан коммунистің партия оқуы жүйесінен тыс оқуы, өзінің саяси білім дәрежесін партия оқуы жүйесінен тыс арттыруы — мүлде болмайтын нәрсе. Өйткені күнде мұның өзі партия оқуын партия ұйымдарының жұмысынан аулақ өкету, партия оқуын әлдеқандай дербес бірдеңе деп түсіну болып шығар еді. Мұның өзі сондай-ақ «оқысам да, оқысам да ерік өзімде» дегенге анарыш соқтырап еді. Мәселен, өткен оқу жылында кейбір партия ұйымдарында қайсыбір бөнде «себентермен» бірқатар коммунистердің партия оқуынан мүлде босатылуына осындай қате түсінік негіз болды.

Еріктілік принципі бойынша, коммунист партия оқуының белгілі бір формасын таңдап алуға ерікті. Саяси оқудың негізгі формалары мынандай: 1) марксизм-лениндік теорияны өзіңнен үйрену; 2) насихатшының көмегімен үйірмеде немесе саяси мектепте оқу.

Еріктілік принципіне сәйкес, коммунистке саяси оқудың қайсыбір формасын еріксіз таңдауға ешкімнің де қолы жоқ. Бірақ жергілікті партия ұйымдарының секретарьлары әрбір коммунистің саяси оқу формасын дұрыс таңдап алуына көмектесуге міндетті. Мәселен, коммунистің жалпы білімі де, саяси білімі де кем екен, бірақ ол марксизм-лениндік теория-

ны өзіңнен үйренуге тілек білдіріп отыр. Бұл жағдайда не істеу керек? Еріктілік принципі дегенді сыңаржақ түсініп, мұндай коммунистің тілегін қанағаттандыруымыз керек пе? Әрине, бүйтуге болмайды. Мұндай жағдайда коммунистке ол үшін саяси оқудың өзінен үйрену формасы қалайсыз екендігін байсаңдылықпен түсіндіріп беру қажет.

Өткен оқу жылында кейбір партия ұйымдары мұны ескермеді. Соның салдарынан жалпы білім және саяси дәрежелері төмен, қытанпен жұмыс істеуге дағдылабаған, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, саяси әдебиетті өзінен оқуға дайындығы жетіспейтін бірқатар коммунистер марксизм-ленинизмді өзінен үйренушілер болып есептелді де, іс жүзінде олар өздерінің саяси білімдерін арттыру саласында ешқандай да жұмыс істемеді. Партия оқуын бұлай ұйымдастыру еріктілік принципінің сақтағандық емес, қайта оны бұрмалағандық болып табылады.

Марксизм-лениндік теорияны өзіңнен үйренуді негізінен жоғары білімді, ортадан жоғары білімі бар жолдастарға ұсынған дұрыс. Алайда, ескерте кеткен жөн, мұны бірден-бір критерий етіп алуға болмайды. Мәселен, кейбір коммунистердің орта дәрежелі ғана немесе одан да төмен білімі болғанмен, олардың саяси білім дәрежесі өзінен үйренуге толығымен сәйкес келетін жағдай болады. Мұндайда әлгідей коммунистерге саяси оқудың өзінен үйрену формасын батыл ұсыну керек.

Саяси оқудың тағы бір формасы — саяси мектеп. Саяси мектептер коммунистің идеялық-теориялық дәрежесін арттырудың алғашқы басқышы болып табылады. Бұған жалпы білімі де, саяси білімі де өзінде төмен жолдастар қамтылуға тиіс. Бірақ мұнда да коммунистің қайсыбір дәрежеде өзінен жұмыс істеуіне тура келеді: мәселен, ол насихатшының үйге берген тапсырмасын орындайды, өткен материалды толық меңгеру үшін үйде әзірленеді. Ал бүйтуге бастауыш кластық та білімі жоқ кейбір коммунистердің мүмкіндігі болмайды. Сондықтан мұндай жолдастардың сауатсыздығын жоюға арналған шараларды (мектеп мұғалімдерінің көмегімен ұйымдастыру және т. б.) жүзеге асыру керек.

Кейде мынандай да ыңғайсыз бір жай көздеседі: мәселен, тыңдаушы бір үйірмеде немесе саяси мектепте қатарынан бірнеше жыл оқыды; бұрнағы, бытырғы жылдарда өзі оқып үйренген материалдарды бйыл тағы да қайталайды, ал реті келсе, келесі оқу жылында тағы да сөйтеді. Мұндайдың болуына екі себеп бар: не тыңдаушының өзі қиыншылықтан қорқып, осылай істейді, не бұған бастауыш партия ұйымы кірді, партия ұйымы коммунистің саяси жағынан өсуіне мән бермейді, сөйтіп партия оқуын ұйымдастыруда формальды-бюрократтыққа салынады. Мынандай заңды сұрақ туады: егер коммунист саяси оқудың үнемі бір ғана формасын таңдап, үнемі содан айырмаласа, онда партия оқуын саяси мектептен бастап марксизм-ленинизмді өзінен үйренуге дейін сатылап кұрудың қанша қажеттігі бар еді? Партия оқуының сатылы жүйесі, әрине, мұндайды көздемейді.

Сондықтан жергілікті партия ұйымда-

ры, егер коммунист насихатшының көмегімен өзінің саяси білім дәрежесін арттыруда тыңғылықты жұмыс істеген болса, онда мұндай коммунисті саяси мектептен негізгі типті үйірмеге, негізгі типті үйірмеден жоғары типті үйірмеге ауыстырып отыруға, онан әрі оған марксизм-ленинизмді өзінен үйренуді ұсынуға тиіс.

Өткен оқу жылында кейбір партия ұйымдарында «бұл коммунисті оқудан босатқан себебіміз, ол өзінің техникалық білімін арттырады» деген сарындағы «дәлелдер» де айтылды. Міне бұл да дұрыс емес. Коммунистердің саяси оқуын техниканың ауыстыру, өздерінің арнаулы мамандықтарын жетілдіруімен ауыстыру өрескел бұрмалаушылық болып табылады.

Ақырында, есте боларлық бір мәселе — бұл марксизм-ленинизмді өзінен үйренуші коммунистердің оқуына бақылау жасау туралы мәселе. Кейбір жолдастар коммунистердің өзінен оқуына бақылау жасауға болмайды, өйткені мұның өзі олардың еріктілігіне қол сұққандық болып шығатын дегенді айтады. Бұл өбден қате пікір. Мәселе мынада: партиялық бақылаудан тіпті де безуге болмайды. Бірақ коммунистердің өзінен оқуына жа-салатын бақылау өкімшілік сыйпатта болмасқа тиіс. Егер партия ұйымының «секретары немесе басшы партия қызметкері коммунисті бақырып алып: «саяси білімді неге арттырмайсың» дегенді айтса немесе оған теориялық бір сұрақ қойып, соған жауап беруді талап өтсе, мұның өзі өбден дөрекілік болар еді. Мұндай «бақылаудан» аулақ болған дұрыс.

Коммунистердің саяси оқуына бақылау жасауды олардың қолынан келетін пар-

тиялық тапсырмалар берумен ұштастыру керек. Мәселен, марксизм-лениндік теорияны өзінен үйренуші коммунисті бұқаралық-саяси жұмыс жүргізуге белсене қатыстыру қажет. Сондай-ақ мұндай коммунистер еңбекшілер алдында лекция оқып алар еді, белгілі бір тақырыпта рефераттар, саяси баяндамалар жасап, оларын теориялық конференцияларда, теориялық пікір алысулар кезінде ойдағыдай оқып берген болар еді. Сөйтіп, Коммунистердің саяси білімі өзінен арттыру жөнінде қаншалықты жұмыс істеп жүргендігі, олардың жергілікті жерде шаруашылық-саяси өмірге қаншалықты араласуы жүргендігімен, өндірістегі және тұрмыстағы тәртібімен өлшенуге тиіс.

Сонымен, партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципінің мәнісі, қысқаша, осындай.

Еріктілік принципінің комсомол оқуы жүйесін орналастыру кезінде де жоғарыда айтылған пікірлерге сәйкес басшылыққа алуға болады.

Саяси оқу жүйесіндегі еріктілік принципі ардайым жүзеге асырып отыру коммунистердің, комсомолдердің және барлық кадрларымыздың марксизм-лениндік теорияны творчестволықпен меңгеруіне онан әрі жоғары сатыға көтерудің басты бір кепілі болып табылады. Сондықтан жергілікті партия, комсомол ұйымдары саяси оқу жүйесіндегі жаңа оқу жылында еріктілік принципінің қатаң жүзеге асырып, саяси оқуды ұйымдастырудағы өткен оқу жылдарында орын алған кемшіліктерді, өрескел бұрмалаушылықтардың қайталанбауына жетісулері керек.

Д. ӘУЕЛБЕКОВ.



Астық қоймалары құрылысында

# Астық қоймаларын салу ісі жақсартылсын

Преснов ауданының колхоздарында егіс көлемі тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық ұлғайды. Жаңа егіннің астығын дұрыс қабылдау және сақтау үшін ауданның колхоз, совхоздарында үстіміздегі жылы 19 астық қоймасы, 13 жабық қырман салу жоспарланған болатын. Сол сияқты, 27 астық қоймасын және 50 жабық қырымды жөндеу, 15 колхозда автомобиль таразыларын орнату белгіленген еді.

Кәзір ауданның бірқатар колхоздарында қара бидай жыйнау жаппай басталды. Демек, астық қоймалары мен жабық қырымдар салу және оларды жөндеу жөніндегі міндеттемелерді іс жүзінде орындайтын мезгіл жетті. Кәзіргі кезде ауданның көптеген колхоздарында астық қоймаларын және жабық қырымдар салу ісінің мүлде қанағаттанғысыз жүргізіліп келгендігі байқалып отыр. Мысалы, 500 тонналық астық қоймасын, әрқайсысының сыйымдылығы 800 тонналық төрт жабық қырман салуды жоспарлаған Хрущев атындағы колхозда бұл жұмыстың бірде-бірі қолға алынбаған. Колхозда құрылыс жұмысын тәрменді жүргізуге барлық жағдай бар. Ағаш шеберлері де жеткілікті. Осыған қарамастан кәзір колхоздың құрылыс бригадасында небары 5-ақ адам жұмыс істейді. Олар бұзау үйін салуға жаңада ғана кірісе бастаған.

Құрылыс жұмысындағы мұндай төзгісіз жағдайларды көре-біле тұрып, колхоздың председателі Гущин жолдас құрылысшылар бригадасы құрамын толықтырудың, жергілікті құрылыс материалдарын мейлінше тиімді пайдаланудың жолдарын іздестірмейді. Саманнан кірпіш соғуды ұйымдастырып, астық қоймаларын салу және жөндеу жұмыстарына дұрыс басшылық жасай алмай келеді.

Астық қоймаларын салудың жайы ауданның Чапаев атындағы колхозында да өте нашар. Колхоз басшылары бұрын жоспарлы құрылысты сала алмауының басты себебі құрылыс материалдарының жеткіліксіздігі деп дәлелдейтін еді. Колхозға

орман шаруашылығына 600 текшеметр құрылыстық ағаш босатылды. Бұдан басқа колхоздың өзінде құрылыс үшін дайындалған 1050 текшеметр қамыс бар. Құрылыс жұмыстарын мейлінше қарқынды жүргізудің осы сыяқты негіздері болса тұрса да, колхоз председателі Смирнов жолдасын бұл іске жеткілікті назар аудармауы салдарынан астық қоймаларының құрылысын мейлінше баяу жүргізіп келеді. Орман шаруашылығынан босатылған құрылыстық ағашты кесу және оны құрылыс орындарына тасу ісі әлі күнге дейін ұйымдастырылмаған.

Рас, колхозда 15 адамнан ұйымдастырылған құрылыс бригадасы бар. Бұл бригада өзінің көш ұйымдастырылғанының үстіне мардымды жұмыс істей алмай келеді. Олар өткен жылы салынған екі жабық қырымды жөндеуді де аяқтаған жоқ.

Астық қоймаларын, жабық қырымдар және мал қораларын салу жұмысының барысы ауданның Ленин атындағы, Аманкелді атындағы, «Сталин жолы» және «Красное знамя» колхоздарында да осындай мардымсыз.

Егін жыйнау кезінде істі шапшаң жүргізуде автомобиль таразылары елеулі рөл атқарады. Сондықтан да, үстіміздегі егін орағына деп Преснов, Баян МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда 8 автомобиль таразысын орнату жоспарланған еді. Бірақ таразыларды орнату үшін котлован қазып, оның қабырғаларын шегендеу, бетон бағаналар орнату ісі тек екі колхозда ғана басталды. Ал қалған Ворошилов атындағы, Киров атындағы, «Победа» және «Баян» колхоздарында бұл іс қолға да алынған жоқ.

Мол өнім жолындағы күрестің шешуші кезеңі — егін жыйнау және астық дайындау маусымы астық қоймаларын, жабық қырымдар салу ісіндегі бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жоюды талап етеді. Сондықтан ауданның совет, партия және ауылшаруашылық органдары мұны жетектесіп, жұмыстың бұл участкіне жан-дейтін орын және төл қорасы салына бастады.

**С. ҚАНАФИН.**  
(Өз тілшіміз).

## Құрылысшылардың қажырлы еңбегі

Явленка «Заготзерносы» коллективі былай 5 астық қоймасын салуды, қоймадан қоймаға астық ауыстыруды механикаландыруды, бір автомобиль таразысын орнатуды және басқа құрылыс жұмыстарын жүргізуді жоспарлаған-ды. Бұл жұмыстарда арнаулы құрылысшылар бригадасы жұмыс істеді. Құрылысшылар социалистік жарысты жеңіп өрістете отырып, күндізін-түндізін 199-150

көтеретін автомобиль таразысы орнатылып, олардың бәрі пайдалануға берілді. Құрылысшылар 16 мың тонна астық сыятын қойма құрылысын аяқтап, кәзір басқа құрылыс жұмыстарына кірісе бастады.

Явленка «Заготзерносы» қоймалардан қоймаларға жылжып жүретін қондырғы орнатты. Быйыл алмағаш 10 жылдық



Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозы 177 гектар алмаға егілген жүгері егісінен мол өнім алғалы отыр.

СУРЕТТЕ: колхоз агрономы В. Рылеев жүгері егісін аралап жүр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Аманкелді атындағы колхозда

### Мектеп үйі

Колхозшылар өздерінің күшімен колхозда жетіжылдық мектеп үйін салуды ұйғарған еді. Кәзір мектеп үйінің құрылысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Енді аз күннен кейін жаңа мектеп пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, № 1 бригаданы бастауыш мектеп үйі де жөндеуден өтіп, ол қысқа керекті отынмен қамтамасыз етілді.

### Құрылыстар

Быйыл колхоз орталығында 6 мың центнер астық сыятын қойма салынды. Оның төбесі шифермен жабылып, еден төселді. Сол сыяқты ауру малдарды емдейтін орын және төл қорасы салына бастады.

### Балалар яслиі

Колхоз орталығында және оның №1 бригадасында балалар яслиі ашылды. Оларда 70 бала бар. Балалар яслиі керекті азық-түліктермен, төсек-орындармен қамтамасыз етілген. Колхозда балалар яслиілерінің ашылуы балалар өйелдердің қоғамдық еңбекке белсене араласуына мүмкіндік берді.

### Телефон жолы

Колхоздың № 1 бригадасы колхоз орталығына 10 километр телефон жолы

Сын және библиография

# „Тыңды бағындырушылар“

Жерлесіміз Иван Петрович Шухов өзінің талантты шығармаларымен совет жұртшылығына кеңінен танылған жазушы. Бұдан 25 жылға жуық уақыт бұрын пролетариаттың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горький ол кезде әдебиет майданына жаңа араласа бастаған 24 жасар Шуховтың алғашқы еңбегі «Ащы өзек», «Өшпенділік» романдарын жоғары бағалаған еді. Әсіресе «Өшпенділік» романын колхоз тақырыбына жазылған алғашқы аса көрнекті шығармаларының бірі деп бағалаған ұлы жазушы өзінің Шуховқа жазған хатында «Сіз өте жақсы кітап жаздыңыз, бұл — талассыз» деп атап көрсеткен болатын. Шыңдығында да уақыт дана ақылының бұл айтқан пікірін дәлелдеп берді: «Өшпенділік» романы аз уақыт ішінде орыс тілінде 15 рет басылып, миллион данадан астам болып тарайды. Ол тек совет халықтарының тілдеріне аударылып қана қойған жоқ, оны француздықтар мен немістер, чехтар мен испандықтар сыяқты Европа халықтары өз тілдерінде оқыды.

Социалистік реализм әдісімен қаруланып, жоғары идеяны шебер формамен ұштастыра білген жазушы өзінің алғашқы еңбектерін бастап-ақ өмір шыңдығын творчестволық ой елегінен өткізу арқылы тамаша шығармалар тудыра алатындығын аңғартқан-ды. Алғашқы алымында әдебиет майданына аршындап кірген ол өзінің шығармаларында социалистік өмірдің шынайы шыңдықтарын хужданике тән шеберлікпен суреттеу арқылы өз оқушыларының сүйіспеншілігіне ие болды. Оның Солтүстік Қазақстанның егіншілері, Теміртаудың болатшылары, Қостанайдың малшылары туралы жазылған очерктері мен әңгімелерін, толғағы жеткен мәселелерді қамтып жазған публицистикалық мақалаларын Қазақстан жұртшылығы сүйіп оқыды.

Өр жазушының өзі беріле сүйетін, әрі сүйіп жазатын тақырыбы болады. Бұл жағынан алып қарағанда Шуховтың сүйетін тақырыбы ауыл шаруашылығы және осы саладағы еңбек адамдары деуге болады. Оның творчествосына үңіле көз жіберу ең алдымен осыны аңғартады. Сонымен қатар жазушының бұл тақырыптағы шығармалары өзгелеріне қарағанда сәтті де шығып отырады.

Бұл жағдайдың да өзіне себебі бар сияқты. Пресновка станицасында туған оның өмірінің басым көпшілігі ашынында да алтын астық пен бағалы түлкі өсірушілердің ортасында, ауыл шаруашылығындағы еңбек ерлерінің арасында өтіп келеді. Балалықтың балдан төтті кезеңі мен жастықтың жалынды дауірі өткен өмір ортасының шындығы мен сыйпағы

болды. Оқушы жұртшылық орталық баспасөздерде сүйікті жазушысының терең мазмұнды көркем очерктерін тағы да зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Ал оның 1955 жылы «Молодая гвардия» баспасы басым шығарған «Тыңды бағындырушылар» атты очерктер жыйнағы бұл тақырыптары оның шығармаларының бір бөлесі болып табылады.

«Алтын аймақ» атты тарихи очеркпен басталатын бұл жыйнақ ғасырлар бойы халық арман еткен ұлы істі партияның бастауымен жүзеге асырып жатқан еңбек ерлерінің поэзиялық ерлікке толы өмірін көрсетуге арналған. Жазушы ең алдымен Қазақстанның солтүстік облыстарында жер шаруашылығының даму тарихына орынды түрде тоқтап, бұл күндері жүзеге асырылып жатқан игілікті өстер жүздеген жылдар бойы осы өлкені мекендеуші негізгі тұрғын — қазақтардың, орыстар мен украиндықтардың арманы болып табылатындығын көркем тілмен суреттеп береді. Шынында да Солтүстік Қазақстанның құнарлы өлкесі орыс және қазақ шаруаларының күн көретін бірден-бір табыс көзі болып келді. Бірақ, Октябрь революциясына дейін бұл еңбекшілер қаншалықты теріп төгіп, қажырлана еңбек етсе де қарындары тоярық астық ала алмаған еді. Өйткені қанақты тұрмыс олардың қанатын жең жазып, еркін өмір құруына мүмкіншілік бермеген-ді. Жазушы өзінің кітабында осы жағдайды тарихи фактілермен дәлелдей келіп, өткен өмірдің өкісіз көріністерін кәзіргі өмірдің қайнаған жарқын еңбегімен салыстыру арқылы оқушыға осы айдын далада қолға алынып жатқан зор істің игілікті ұлылығын тартымды түрде түсіндіре алған. Бұған мысал ретінде «Алтын аймақ» очеркшіміз Балқаш өңірі туралы берілген суреттемені атап айтуға болады. Құлан жорғас қулазыған құмды далада орнаған аса ірі мыс балқыту комбинатының алып көрінісін зор сүйіспеншілікпен суреттеген жазушы осы қаладағы еңбек адамдарының қажырлы еңбегімен қайта өзгерген өлке туралы тартымды пікір айтады. Аэродром басында асхана офицантқасы мен жолаушы арасындағы диалог арқылы Шухов құмды даланың көрікті, әрі құнарлы өлкеге айналғандығын көз алдына елестетеді.

«Жолдары көктем» — жыйнақтағы құнды очерктердің бірі. Жазушы өзінің бұл очеркінде тың игеруге өз ержітерімен келген бір топ жастар туралы баяндайды. Очерктің құндылығы ең алдымен жігерлі жастардың игі істерге құлшынған ой-армандарын шыңдық негізде бере алғандығында. Петропавл станицасының қасасы

бі зор мереке ретінде қарсы алады. Патриоттардың нақ осы сәттегі ішкі ой-дүниесінің толқу сезімдерін жазушы зор шеберлікпен бере алған. Әсіресе алғашқы борозда тартылар минуттары Василий Гавжелоның көңіл күйі өте жылы, өрі нанымды суреттелген. Осы бір үзіндіні оқыған кезде оқушы бригада коллективімен бірге жол сәттегі қуанышты толқу сезімді өз басынан кешіргендей болады.

Қиыншылықты жеңу — тыңға алғаш келгендердің алдында тұрған ауыр міндет осы еді. Өйткені, ғасыр бойы тұсырап жатқан тыңды игеру оңай жұмыс емес-ті. Қыс болса азынаған бораны мен ашшыны қуырап аязы, күз бен көктемдегі жүрек айнытар былғанышы мен бой жауратар нөсері, жазда аптаған ыстығы мен шаңды дауылы бар бұл өлкеге өктемдік ету аз еңбекті керек етпейтін. Жазушы өз очерктерінде патриоттардың бұл қиыншылықтарды жеңу жолын, әсіресе еңбек үстінде, коллектив нұруда кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын шыңдық тұрғыда нанымды етіп көрсеткен. Сонымен қатар автор көп қиыншылықтарды жеңгеннен кейінгі өздерінің алғашқы табыстарын көріп қуанған, еңбекке одан әрі жігерлене кіріскен адамдар әрекетін, ой-армандарын суреттеу арқылы дүниедегі ең қымбатты, ең қадірлі, өрі ең қиын өнер — еңбек деген ұғымды көркем сөзбен мазмұнды түрде дәлелдейді.

Жыйнақтағы очерктердің қайсысынан болса да табиғат көрінісін суреттеуге арналған беттерді кездестіруге болады. Шынында да жазушы Шухов өзі туған өлкенің табиғат көрінісін зор сүйіспеншілікпен жырлайды. Нақ бұл сәттегі оның тілінің көркемділігі, оқушыға етегін әсері ете тамаша. Бірде боранды қыстың, бірде нөсерлі жауынның, енді бірде аптаған ыстықтың көріністерін көз алдына елестету арқылы автор Солтүстік Қазақстанның табиғат өзгешеліктерін оқушыға жеткізе алған. Әсіресе өсем жаздың таңертеңгі тымық ауадағы көңіл хошын келтіретін көркем көрінісін суреттегенде автор осы бұшақтың тамаша көрінісін шын суретшіге тән шеберлікпен береді. Бұл арада мына жағдайды айта кету керек: очерктегі табиғат көріністері тек көркемдік үшін алынып, өзімен өзі жеке дара мақсатта суреттелмейді — мұндағы табиғат көріністері қажырлы еңбек, қажымас қайратпен қиындықтарды жеңіп, табиғатты өз дегеніне көндіріп жүрген ерлердің еңбектерін көрсетудің бір бөлшегі, осы ерлік еңбекті түсіндірудің бір кілтгі ретінде алынған.

Жыйнақтағы очерктерде оқушы өзіне қалайды әңгімеленген



проценттен орындауға жетеді.

Тас қалаушылар Михель, Табадзюкко жолдастар семейалық нормаларын үнемі 170-180 проценттен орындап отырып, Пущкарев жолдас басқаратын қалталылар бригадасы да еселерен қарқынмен еңбек етіп, құрылыс жұмыстарының жеделдетілуін қамтамасыз етті. Асфальт төсеушілер бригадасы да бұлардан қалыспай жок.

Құрылысшылардың қажырлы еңбегі құрылыс жұмыстарын тез аяқтауға мүмкіндік берді. Құрылысшылар белгіленген құрылыстарды егін орағы басталғанша аяқтауды ұйғарған еді. Бұл міндеттеме ойлағандай орындалды. Кәзір 5 қойма құрылысы, 2 транспортер, 25 тонна жүк

аппараттары орнату жұмыстары да аяқталып келеді. Мұнда астықкентіргіштер де бар. Оған астықты тоғу, жоғару жұмыстарының бәрі механикаландырылған. Астық кентіргіш тәулігіне 90 тонна орнына 140-150 тонна астық кентіретін болады.

Явленка «Заготзерносында» машинаға астық тиеу және тоғу жұмыстары механизмімен атқарылады. «Заготзерно» коллективі Ленин ауданының колхоз, совхоздарынан келген жаңа егінің астығын тоқтаусыз қабылдап, олардың мемлекетке астық тасыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауына көмектесе береді.

Қ. ШҰҒҰЛШИН.

тып. Бұл екі араға кәзір телефон жолы тартылып, колхоз орталығы мен бригаданың байланысы жақсара түсті.

### Тұрғын үйлер

Колхозда колхозшылар үшін тұрғын үйлер көптеп салынууда. Кәзірдің өзінде жергілікті материалдан 11 үй салынып жатыр. Мұнда құрылыс жұмыстарын жүргізетін арнаулы құрылыс бригадасы құрылды. Колхоз басқармасы тұрғын үй салушыларды және құрылыс бригадасын көлігімен, құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуде. Біраз күннен кейін колхозшылар жаңа пәтерлерге көшіп шығатын болады.

Б. ЖАҚЫПОВ.  
Полудень ауданы.

## Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудегі кемшіліктер тез жойылсын

Облысымызда мал шаруашылығы өнімдерін тасымалдау совхоздар көрнекті орын алады. Сондықтан облыс бойынша мал шаруашылығы өнімдерін тасымалдау жоспарының держесінде орындалуы совхоздардың міндетті тапсырмаларын орындауына тікелей байланысты. Алайда облыс совхоздарында, былтырғыдан 1405 сауын сыйыр артық болғанына қарамастан, сүт өндіру өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда әлдеқайда төмендеп кеткен.

Тек сүт жоспары ғана емес, сонымен бірге совхоздарда ет тапсыру жоспары да орындалмай келеді. Атап айтқанда, совхоздар бойынша ет тапсырудың онайлық жоспары 40 процент ғана орындалды. Ал әрбір сыйырға шаққанда алынған сүт совхоздар басқармасы бойынша өткен жылғы осы уақыттағы көрсеткіштен 300 килограмдай төмен болып отыр.

Мұның мәнісі неде? Осы уақытқа дейін көптеген совхоздардың мал мамандары сүттің аз алынуын қыс уақытында жемшөптің тапшы болуынан деп дәлелдей келеді. Ал кәзір, әсіресе июнь, июль айларында, сүт сауу жөнінде қысты күнгі олқылықтың орнын толтыруға толық жағдай бар. Әрбір совхозда жайылымдық жер жеткілікті, оның үстіне сауын малдары үнемі концентратты азықпен қамтамасыз етілуде. Бірақ, көптеген совхоздар бұл мүмкіншілікті пайдалана алмай отыр.

Өйткені бұл совхоздарда малды жаз лагерьден бағу ісі дұрыс ұйымдастырылмай келеді. Көптеген табындарда сауын сыйырларға жабайы жаспаңалар да жасалмаған. Мысалы, Возвышен, Ұзынкөл, Совет, Қыялы, Шағлы, Октябрь тағы бірқатар совхоздарда бұлар атымен жоқ. Сондықтан олар сауын малдарды балғын көкшөпмен үстеме қоректендіруді іске асыра алмай отыр. Сыйырлар күннің ыстық кездерінде саяда дем ала алмайды. Концентратты жем мезгілінде берілмейді. Ал Воз-

вышен совхозында концентратты азықтар арнаулы науа жасалмағандықтан жерге төгіледі де, оның дені босқа ысырап болады.

Ұзынкөл совхозында жеке сауыншыларға бекітіліп берілген сауын сыйырлардың саны 35-ке жеткен. Мұнда малшылардың, бақташылардың тұрақты құрамы жоқ. Міне, мұның барлығы совхоздардың сүтті мол алуына елеулі бөгет жасауда.

Сүттің аз алынуына себепші фактінің бірі— сауылған сүтке мұқият есептің болмауы. Мысалы, совхоздар тресі бойынша 6 ай ішінде сауылған сүттің 15,2 проценті ысырап болған. Әсіресе сүт ысырабы Торанғұл, Совет, Шағлы, Октябрь және Буденный совхоздарында көп. Бұл совхоздарда бас зоотехниктердің кінәсінен сүттің майлылығын айыруға көңіл бөлінбеген.

Сонымен бірге бірқатар совхоздарда май заводтарына жіберілген қаймақтардың өлшенбеуі жиі кездеседі. Сүт айыратын пункттерге сүт тапсырғанда табын бригадирлері болмайды. Міне осының салдарынан сүттің майлылығы және өнімі азай түсуде. Тіпті кейбір табындарда бақылаудың жоқтығы салдарынан сүт пен қаймақтың есебі бетімен жіберілген. Сондықтан да Петропавл, Ұзынкөл, Возвышен, Степной және Приеним совхоздарында бір сыйырдан алынған сүтке күніне 5 литрге дейін айырмашылық болу фактілері орын алған.

Сүт өндіруді арттыра беру мақсатында, бәдін ойымызша, бұзауға, торайларға берілетін қаймағы алынбаған сүт мөлшерін қайта қарау қажет сияқты. Осы күнде бірқатар совхоздардың практикасында бір бұзауға 250 килограмм, бір торайға 10 килограмм қаймағы алынбаған сүт беру ырын алды. Бірақ тәжірибе мұны азайтып оның орнына қаймағын алған сүт беруге бәдіндігін көрсетті. Егер совхоздарда

әрбір бұзауды азықтандыруға орта есеппен 180—200 килограмм майын алмаған сүт жұмсалатын болса, осының өзінде мемлекетке қосымша мыңдаған килограмм сүт өткізілер еді. Бұл мәселені неғұрлым тез шешу үшін зоотехникалық-малдәрігерлік қызметкерлер өндірістік тәжірибе жасап, әрбір совхозда бұзауға берілетін сүттің нақты нормасын бекітуге тиіс.

Совхоздың мал мамандары сүт өнімдерінің тұр-түрлерін көбейте беру үшін аянбай қызмет етуге міндетті. Кәзір бірқатар совхоздарда, атап айтқанда, Буденный, Преснов және Тоқшын совхоздарында майын алған сүттен брынза жасау ісі жолға қойылды. Бұл сүт өнімдерін көбейтумен бірге совхозға қосымша ақшалай табыс түсіретін болады. Мысалы, бір килограмм брынза жасау үшін 12 килограмм майын алған сүт керек, бұл 7 сом 80 тиыш тұрады. Мұны ұйымдастыруға қай совхозда болсын толық мүмкіншілік бар.

Совхоздарда ет тапсыру жоспарының держесінде орындалмауының басты себебі шошқа шаруашылығына мән бермеушілік екенін атап айтуымыз керек. Сондықтан совхоз басшылары алдымен ет үшін майлы және жарғытай майлы шошқа өсіруге ерекше көңіл бөлуге тиіс. Алдағы жылдарда мегежіндердің жылына екі рет торайлауына жетіу қажет.

Бұл келтірілген фактілердің барлығы совхоз директорлары мен мал мамандарының мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жолында аз еңбектеніп келе жатқандығын көрсетеді. Олар мал шаруашылығына басшылықты жақсартып, одап алынатын өнімді арттыра беруді қамтамасыз ететін резервтерді күнбе-күн іздеп тауып отыру жолында аянбай еңбек етуге тиіс.

С. СУТЮШЕВ.

Совхоздар басқармасының бас зоотехнигі.

қандай да болмай жазушының творчестволық лабораториясында белгілі із қалдырып, өшпес белгі елалықтың белгілі.

Шуховтың ауыл шаруашылығы тақырыбына жазылған шығармалары өзінің идеялық тереңдігі және көркемдік құндылығымен оқушысын қуантады. Ал жазушының ең соңғы шығармасы біздің бұл пікірімізді дәлелдей түсіндей.

Соңғы екі жыл еліміз ауыл шаруашылығының даму тарихына жаңа белес болып қосылатын оқыйға толы жылдар болып отыр. Партияның бастауымен ғасыр бойы адам қолы тимеген айдын далада басталған зор істің дабылы барған сабын күшейіп, игілігі де ұлылана түсуде. Қазақстан даласы осынау дабылдың шың мәніндегі басты орталықтардың біріне айналды.

Жазушы—өмір соңынан ілесуші емес, алдыңғы саптың ақылшысы, айнасы. Өз творчествосын өмір тідегімен, өмір талабымен ұштастыра білгенде ғана, жаңаның жақсылығы мен игіліктілігін өз оқушысына дәл кезінде көрсете алғанда ғана жазушы өз міндетін талабына сай атқара алады. Ал халық игілігі үшін басталған ұлы істен сырт қалу совет жазушыларына жат қасиет.

Тың игеру мәселесінің ұлылығы мен зорлығын бірден түсініп, оны көркем әдебиетке алған көрсете алғандардың бірі— Иван Шухов. Соңғы жылдары оқушылар тарапынан өкпе алыңқырап, тың тақырыптан шабандас жетіңкіреген ол зор істің алғашқы дабылын өзінің зор талантымен бірінші болып көтерушілердің бірі

ріністен бастап оқушыны бірден өзіне тартып алады. Автор әсіресе патриоттардың совет жастарына тән қасиеттерін дұрыс көрсете алған. Оған деп соққан жүрек, игі іске деген талап, көңілді думан, қызығишылықты жеңуге ұмтылушылық—совет жастарына тән бұл сыяқты қасиеттерді бригадир Василий Ганжело басқарған жастар бойына сіңіре білген.

Бұл очерктегі көзге түсер басты тақырып тың жерде тұған берік коллективтің құрылу тарихы. Шындығында зор игі іске аттанғандар тобында түрлі адамдардың болғаны рас. Олардың басым көпшілігі адал ниетпен, қажырлы қайратпен тыңға аттанса, енді біреулері «пайдалы» сапар құа келгендер. Ал кейбіреулерінің ниеті ақ болғанмен тың жердегі қиындықтан қорқып қамығу жолына да түсті. Міне, осының нәтижесінде түрлі міндеті адамдар тобы алғаш рет Солтүстік Қазақстан төрінде болашағы зор ұлы іске қол қойғанда олардың арасынан түрліше міндеттер де тұады. Қызу еңбектің елегі қорқақтар мен жолбiшiлердi ысырып шығарады. Берік еркі, қажырлы қайраты барлар табысқа жетудің көшілі болып табылатын тамаша коллектив құрады. Міне, Василий Ганжело басқарған трактор бригадасының есеншісі Вазжю «пайдалы» орын іздеп келген адам. Автор бұл алаяқтық әрекет-мақсатын әшкерелеушілік рухында көрсете алған. Бригада коллективінің бұл жолбiшiнен араларынан аластауы да очеркте нанымды берілген.

Алғашқы борозда! Тыңға келгендердің ең бірінші еңбек мейрамы болған осы бір шақты Ганжело бригадасының коллективі

тарына механизаторлардың техниканы пайдалануға творчестволық тұрғыдан қарауын, ленинградтық қыздардың вагон ішіндегі айтыстарың, Василий Ганжело басқарған жастар тобының Петропавл станциясындағы билет алуларын, механизатор Шоломның үй ішіндегі көріністерін қосуға болады. Сонымен қатар кейбір очерктерде «өтпей!» дегізер жерлер де жоқ емес. Мәселен, саманнан жірілп дайындауға шыққан қыздардың қиыншылықты жеңу жолдары оп-оңай суреттеледі. Сол сыяқты, «Украина» совхозындағы өзгерістер де өте жеңіл және үстірт, жалпақ сөздермен баяндалған.

Кей реттерде Шуховтың фактілер жетегіне еріп жететіндігін айта кеткен жөн. Рас, очерк үшін факті бекіткіш шегемен тең. Бірақ тым көп және орынсыз қолданылған құрғақ фактілер кей реттерде Шуховтың очерктерін газет корреспонденттеріне, тіпті информациялық хабарларға ұқсастып жібереді. Ал очерк дегеніміз ең алдымен көркем әдебиеттің беді жанры.

«Тыңды бағындырушылар» —таланты зор жазушының қаламынан шыққан құнды шығарма. Оқушы бұл кітаптан тарихта теңдесі жоқ істер істеп жатқан жалынды патриоттардың ерлік поэзияға толы өмірін белгілі дәрежеде көз алдына елестете алады. Сонымен қатар олар бұл кітапты талантты жазушының тың игерушілер туралы жазатын құнды шығармасының алғашқы қарлығашы болар деп сенеді.

Т. КӘКІМОВ.

## Совхоздың жеміс бағында

Орталық усадьбаның жанындағы қалың терек өскен паркке жалғаса Тоқшын ет-сүт совхозының 15 гектар жеміс бағы орналасқан. Солтүстік Қазақстан жағдайында жеміс-жидек шаруашылығын өркендетуге болмайды деген ұғымда жүрген адамдар осы бақты көріп еріксіз таңданысады.

Мына қара, алма өсіп тұр ғой. Өрмәтері қандай тамаша! Қарақат, бүлдіргендері де бар.

Әзірше, облысымызда мұндай жеміс-жидек бақтары санаулы ғана. Бірақ шаруашылықтың бұл түрін облысымызда келінен өрістетуге әбден болатындығы, оның мол табыс беретіндігі оңдаған адамдардың еңбектерімен толық дәлелденіп отыр. Мәселен, облысымыздың таңдаулы бағбандары Т. Батеха, Г. Микуков тамаша жеміс-жидек бақтарын өсірді. Олардың аты кәзір бүкіл облыс жұртшылығына мәлім. Осындай бағбандардың бірі— Артур Сависаров. Ол жидек бұталарын 1947 жылы алғаш рет отырғызған еді. Бастапқы кезде мұндай жидек бағының көлемі бір гектар алады ғана қамтытын. Бұл күндері жеміс бағы кеңейтілді. Онда алуан түрлі әртүрлі жеміс ағаштары өседі.

Бағбан Сависаров өз еңбегінің нәтижесі

болуы жолында көп еңбектенді. Кәзір оның игі еңбегі өзінің нәтижесін беруде. Совхоздың 6 гектар алаңды қамтытып алма бағында алма ағаштары жайқалып өсіп тұр. Мұнда алма ағаштардың 36 түрі өседі. Олардың ішінде сибирь антоновкасы, славянка, алмұрт және басқалары бар. Бұлардың барлығы да сибирь жерінің климатына лайықталған. Олар жыл сайын мол өнім беруде.

—Кейбір жеке алмаларымыз үлкендігі жағынан оңтүстіктің алмаларынан қалыса қоймайды, —дейді Артур Сависаров, — бізде салмағы 500 грамм тартатын алма да кездеседі.

Жауын тамшысындай қатарлана тізілген салмақты алмалар алма ағаштарының бұтағын онан сайын майыстыра түседі. Одан әрі қатар түзеіп біркелкі болып өскен ағаштардың көкжасыл жапырақтарының арасынан сарғыш тартқан өріктер көрінеді. Ал, одан сәл әрменірек жидектер, бұйралана өскен қарақат бұталары көрінеді. Жеміс ағаштары арасындағы жалғызаяқ жолмен қолдарына қарақат, бүлдіргенге толы корзинка ұстаған біртоп ойелдер келеді. Быйыл жеміс ағаштары мол өнім берді. Әрбір гектардан 50 центнерден астам жидек алынды.

Совхозда облысымыздың жаңа совхоздарына түрлі ағаш көшеттерін дайындап беретін питомник те бар. Онда алманың көптеген сорттары, өрік, қарақат, жүздеген мың түп қайың, терек, үйеңкі және басқа жеміс ағаштары өсірілген.

Қуз түсе совхоз бағбандары жеміс-жидек бағын онан әрі кеңейтуге кіріседі. Бұл үшін 800 түп алма, өрік ағаштары, қарақат, бүлдірген бұталары әзірленген. Енді аз күннен кейін бұл жеміс ағаштары баққа отырғызылып, совхоз бағын онан сайын кеңейте түсетін болады.

—Облысымызда жеміс ағаштарын өсіруге әлі де болса жете көңіл бөлінбей келеді дейді—бағбан Сависаров. — «Совхоз-снаб» мекемесі бізге қажетті бақ аспаптарымен қамтамасыз ете алмай отыр. Сол сыяқты, химикаттар да жетіспеіз.

Облыстық совхоздар басқармасы тоқшындықтардың жеміс ағаштарын өсірудегі бай тәжірибесін кеңінен пайдаланып, жаңа совхоздарда жеміс бақтарын өсіруді әлі шындыққа алмай отыр. Совхоздар басқармасы мұндай игі істі аяқсыз қалдырмай, облыс совхоздарында жеміс бақтарының кең көлемде құлаш жаюына жол беруі тиіс.

А. СӨРСЕНОВ.



КИНО

Колхоз жастары туралы фильм

Гүл-бақшаға оранған сәулетті колхоз деревнясы. Оның түс-түсынан қолдарына шағын чемодан, баян, скрипка ұстаған жастардың көңілді топтары колхоз орталығына қарай беттеп келеді. Бұл—Молдаван ССР-нің астанасы—Кишиневке аттану әбгерінде жүрген «Новая жизнь» колхозының көркемөнерпаздары, еңбекте игі ісімен көзге түскен дарынды колхоз жастары. Көзір қала экрандарында жүріп жатқан, М. Горький атындағы киностудия жасап шығарған «Ляна» кинокомедиясы осы бір көңілді көрініспен басталады.

Гүлденген Молдавияның табиғаты қандай көркем, жері қандай бай! Жастар тала мінген үш жүк машинасы колхоз жерін кесіп өтетін асфальт жолмен ағызып келеді. Жүздері шат, көңілді жастар кең даланы өсем үнге бөлей, шырқата ән салады. Жолдың екі жағында көк жиекке дейінгі алқапты алып жатқан жүзім және басқа жеміс ағаштары. Олардың мол өнім беріп, колхоз байлығын онан сайын молайта түсетінін фильмнің авторлары осы көріністің өзімен-ақ аңғартып тастайды.

Міне, Кишинев театрында колхоз көркемөнерпаздары өз өнерлерін көрсетуде. Театрға көптеген адамдар жыйналған. Ляна «Корші деревня жігіті» деген әнді сазына келтіре шебер орындайды. Оған жұртшылық разы болып, ду қолшалақтайды. Колхоз ансамблі Кишиневте үлкен табысқа ие болып, Москвада өтетін Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауына қатысуға право алады.

Колхоз председателі Степан Васильевич (артист Е. Уреке) жақсы орындаушыларға мақтау грамотасын тапсырады. Ол жұмысты әлі де нашар істейтін колхоз ансамблінің қатысушылары Андрий, Григорий, Алексей үшеуіне кейінірек, олар еңбекте жақсы көрсеткішке жеткеннен кейін мақтау грамотасын салтанатты түрде тапсыруды ұйғарды. Оған жәбірленген олар біраз күн колхозға келмейді, ансамбль репетициясына қатысудан бас тартады, бөгде істермен шұғылданады. Кинокомедиядағы оқығға шиеленісі осы арадан басталып, одан әрі дамып түседі.

Фильмнің басты кейіпкері колхозшы қыз Ляна колхоз даласында өзіміз ығый кездестіретін еңбек озаты, колхоз ансамблінің ұйытқысы. Артистка И. Игнатова осындай еңбексүйгіш, қоғамшыл, ақжарқын колхоз қызының бейнесін нағымды, шебер етіп берген. Ол колхозшы жігіт Андрийді сүйеді. Сүйіскен жастардың арасындағы түсініспеу, болмашы нәрсені көңілге алып, тосырқасу, одан кейін бір-біріне кездеспеуге тырысу сыяқты бұзылған сүйіспен бірақ ешқандай зілі жоқ

Андрий (артист А. Шворин) мінезі әлі бір қалыпқа түспеген, тым өзіншілдеу жігіт. Ол Григорий (артист Р. Муратов) мен Алексейге (артист Л. Гайдай) қосылып, жолдастарының, председателдің ақыл сөзін зіл көреді. Осындай бір мінез, істің жайына тереңдемей, өзіне шеше сала-тын Андрий образын жасаудағы артист А. Швориннің актерлік дарындылығын атап өткен жөн.

«Новая жизнь» колхозының ансамблі көркемөнерпаздардың Бүкілодақтық байқауына қызу әзірленуде. Дәл осындай кезеңде Андрий, Григорий, Алексей сыяқты колхоздың өз көркемөнерпаздарының ансамбльге қатыспауы колхоз жастарын қатты ойландырды, көрші колхоздың музыкашыларымен байқауға бару намыс сыяқты көрінді.

Лянаның дос қызы Параскица (артистка М. Крепкогорская) коллективтің бұрынғы ынтымағын қалпына келтіру ісіне Алексей мен Гришаны қатыстырады. Иштей сүй сезімін жоғалтпаған Ляна Андрийді тұрмысқа шығуға ризашылығын береді.

Көптен күткен Москваға жүретін уақыт келді. Степан Васильевич жұмысты әлі нашар істейтін үш досты Москваға жібермейді. Мұны білген Андрий Лянаны жібермеуге тырысады. Ляна оған келіспей, бұрынғы түсініспеушілік қайта басталады. Колхоз ансамблі Бүкілодақтық байқауда бірінші орын алып, Бүкіл дүниежүзілік жастар фестиваліне қатысады. Жастардың алдыңғы қатарында Ляна мен Параскица. Ляна оған сен бақыттысың, біз тағы да келісе алмадық,— деп өз өкінішін білдіреді.

Колхоз ансамблі фестивальдан оралып, жүзім жыйнауға белсене кіріседі. Андрий өз участоғында жүзімнен мол өнім алып, жұмысты бірінші болып аяқтайды. Алексей мен Гриша да озаттар қатарына қосылады. Оған бүкіл коллектив қуанады. Көңілді колхоз жастары туралы кинокомедия Андрийдің Лянамен қайта кездесуімен, жастардың келісуімен аяқталады.

Б. Барнета, В. Ежова, Л. Карняну фильм сценарийін мазмұнды етіп шығарған. Бір оқығға екінші оқығаны тудырады. Ақыры барлық оқығға шиеленісіп, фильмнің аяқ шенінде бір-ақ шешіледі. Режиссер К. Николаевич мен М. Хуциев әрбір кейіпкерді біріне-бірі ұқсастай, өзіндік ерекшеліктерін ашып, фильмді тартымды, сюжетті етіп шығаруға көп еңбек сіңірген. Оператор Ж. Мартов күн сәулелі Молдавияның бай табиғатын экранда көрсетуге бар өнерін жұмсаған.

Әсіресе, фильмнің музыкасы көңілді, әдемі, оның әншісінің қатысуы өзіміздің

Бразилия шаруалары Совет Одағы туралы

МОНТЕВИДЕО, 11 август. (ТАСС).

«Импренса Популар» газеті жуырда Совет Одағында болған Бразилия еңбекшілерінің жер шаруашылығы және ауыл шаруашылығы одағы шаруаларының мәлімдемесін жариялады. Бразилия шаруаларының делегациясы Украинада, Грузияда, Азербайжанда және басқа жерлерде болған-ды. Делегация мүшелері совет халқының мәдени және ауқатты тұрмысы мен ССРО ауыл шаруашылығының жоғары жетістіктері туралы зор қуанышпен баяндауда.

Гоая Жоао штатынан қарт шаруа Созрес де Оливейра былай дейді: мен совет халқы мұндай көңілді, шын пейілді деп ойлаған жоқ едім. ССРО-да аштық жоқ, лайыршылық жоқ. Совет Одағында балалардың денсаулығы, білім алуы жөніндегі қамқорлықты көріп, біздің балаларымызды есебе түсіргенде мені көңілсіздік биледі.

Кампинас елді пунктіден агроном Освалдо да Солвейра Невес былай деп мәлімдеген: Совет Одағында ауыл шаруашылығында ғылым мен практика бір бірімен тығыз байланысты, ауыл шаруашылығын техникамен жабықтықтау өте жоғары дәрежеде.

Сант-Барбарадан жас шаруа Бенедито Перейра Фильо колхозды деревнядағы тұрмыс туралы айтқан. Мен болған барлық колхоздарда, деген ол, балалар яслилері, балалар бақшалары, мектептер, кітапханалар бар. Совет Одағында басталуы және орта білім алу ісі тегін және міндетті түрде жүргізіледі. Колхоздарда кинотеатрлар, спорт алаңдары, драма үйірмесі және көркемөнерпаздар үйірмелері бар. Қалалардан колхоздарға дүркін-дүркін театр топтары келіп тұрады. Совет жастары үшін деп атап көрсеткен Бенедито Перейра Фильо, барлық жол ашық.

ҚЫТАЙДЫҢ ЕҢ ІРІ СТАНОК ЖАСАУ ЗАВОДЫН ҚАЙТА ЖАСАУ

ПЕКИН, 11 август. (ТАСС). Алдағы жылдың бас кезінде қайта жасалып бітетін, Мукдениң бірінші станок жасау заводы Қытайдың ең ірі станок жасайтын кәсіпорны болып табылады.

«Гунженьжибаоның» хабар еткеніндей, бұл заводты қайта жаңарту Қытайдың бесінші бесжылдығының алғашқы жылында басталған. Екі жылдан астам уақыт ішінде барлық ескі жабдықтар жаңартылған, бірінші класты жаңа жабдықтар орнатылуда және орнатылып жатыр. Бұлар Совет Одағынан және басқа туысқан елдерден әкелінген жабдықтар. Кә-

БҰҰ-ның Бас секретары Д. Хаммаршельдтің БҰҰ-ның Бас Ассамблеясына жыл сайын тапсыратын баяндамасы

НЬЮ-ЙОРК, 9 август. (ТАСС). Біріккен Ұлттар Ұйымы бас секретары Д. Хаммаршельдтің Бас Ассамблеяға жыл сайын тапсыратын баяндамасын жариялады.

Баяндамада былай деп атап көрсетілген: «Быйлығы жылы—Біріккен Ұлттар Ұйымының өмір сүруінің онының жылында—халықаралық істердегі шиеленістерді бәсеңдетуге бағытталған беталыс тұран сыяқты».

Көзір, делінген баяндамада, Австрия доғоворы жасалды. 1945 жылдан бері төрт ұлы держава үкметтері басшыларының бірінші рет кездесуі болды. Қыйыр Шығыста Азия және Африка елдерінің Бандунгтегі конференциясы позицияларды бейнелеу болды, мүмкін бұл позициялар алдағы уақытта бірден-бірге көп жеміс беретін болады және ол конференцияға өкілдерін жіберген халықтардың бәрі БҰҰ-ның мақсаттары мен принциптерін берік қуаттайтынын ыспаттады.

Оқыйғалардың бұлайша дамуы,—деп көрсетілген баяндамада,—олардан кейін осы бағытта басқа оқыйғалар да болады деген сенім үшін негіз болады.

Бұл жағдайларда, деп атап көрсеткен Д. Хаммаршельд, БҰҰ маңызды жаңа рольге ие болып отыр. «Егер көзір өте-өте кең негізде ынтымақтасу мүмкіндігі елеулі түрде және табандылықпен зерттелетін болса,—делінген баяндамада,—бүкіл дүниежүзілік ұйымның ролі сөзсіз жаңа көлемдерге ие болуға тиіс».

Атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөніндегі халықаралық ғылыми-техникалық конференцияда

ЖЕНЕВА, 11 август. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Бүгін конференцияның ертеңгі мәжілісінде талқыланған проблемалар жөніндегі жалпы айтыс аяқталды. Енді конференцияға қатысушылар өз жұмысын өртүрлі сессияларда жүргізетін болады. Бүгінгі пленум мәжілісінде радиоактивті изотоптарды өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығының өртүрлі салаларында, ғылыми-зерттеу жұмысында және медицинада қолдану туралы мәселе талқыланды. Бұл тақырыпта П. Эберсонд (АҚШ) және доктор Г. Зелигмен (Англия) баяндамалар жасады.

Эберсонд радиоактивтік изотоптарды қолдану мүмкіндігі әлі де толық пайдаланылмай отырғанын көрсетті. Баяндамада радиоактивтік изотоптарды пайдаланудың мысалдары, атап айтқанда, химиялық, физикалық процестерді, азық-түліктер мен дәрі-дәрмектерді салқын күйінде тазалауды, ауруларды емдеуді

Нақты мәселелерге тоқтала келіп, Хаммаршельд былай деп мәлімдеген: соңғы оқыйғалар БҰҰ-ға жаңа мүшелер қабылдау туралы мәселені шешудің қажеттігін өте-өте өткір қойып отыр. «Егер біз өте-өте тыныш жағдайдағы бағытта жүруді тынышпен тілейтін болсақ,—деп көрсетілген баяндамада, көзіргі жағдайды айқын мойындау талаптарының тұрғысынан алынған мүшелік проблемасын шешу алғашқы жемістердің бірі болуға тиіс».

Баяндамада БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі көмекші комитеті комиссиясының Лондондағы сессиясының нәтижелері «позицияларды жақындастыруға жеткізетін жолдағы маңызды прогресс» ретінде сыйпатталады: баяндамада атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөніндегі Женева конференциясы құттықталады; Палестинада уақытша бітімді орындау жөніндегі Хауісіздік Советінің ұсыныстарын жүзеге асыруға жете алмай отырғандығы жөнінде өкініш білдіріледі және африкан материгінің проблемалары БҰҰ-да өте-өте жан-жақты зерттелуі ұсынылады.

Хаммаршельд нашар дамыған елдердің экономикалық және техникалық көмекті өте-өте керексінін отырғанын көрсетіп, халықаралық жағдайдың жақсаруымен байланысты көзір қару-жараққа арналып отырған кейбір ресурстар нашар дамыған елдердің экономикасын жақсартуға бағытталатынына сенім білдіреді.

ЖАСТАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК V ФЕСТИВАЛІНДЕ

КРАКОВ, 11 август. (ТАСС).

Бүгін фестивальдің мыңға жуық қатысушылары Варшавадан Освенцимге сапарға шықты. Польшаның, ССРО-ның, Қытайдың, Францияның, Англияның, Испанияның, Германияның, Иранның, Ирактың және басқа елдердің жастар делегациясының өкілдері гитлердің бұрынғы «өлім лагерін» аралап көрді. Олардың қасына лагердің бұрынғы тұтқыны еріп жүріп, фашистердің лагерь территориясында 1940—45 жылдарда жасаған озбырлығын жастарға толық айтып берді. Освенцимді аралап көргеннен кейін лагердің негізгі жәре берісінің алдындағы алаңда митинг болды. Оған шетелдер жастары мен бірге жүздеген жергілікті жас жігіттер мен қыздар қатынасты. Жыйналғандардың алдында Польша жастары бас басқармасының секретары Тадеуш Гернер сөз сөйледі. Фестивальға қатысушыларды құттықтап, ол бейбітшілік жолында жүресуші бүкіл дүние жүзінің жастары жаңа Освенцимнің болуына жол бермейтініне сенім білдірді.

Митингте сонымен қатар Италияның, Германияның, Францияның, Жапонияның, Совет Одағының жастарының өкілдері сөз сөйледі. Олардың барлығы да барлық елдердің жас ұрпақтарының ардақты міндеті фашизмнің қайта тууына қарсы, бейбітшілік және халықтардың достығы жолында қажымай күрес жүргізу болып табылатынын атап көрсетті.

—Біз, неміс жастары,— деді Германияның делегациясы,—герман милитаризмінің қайта тудырылуына қарсы күреске шығамыз. Біз өзіміздің еліміздің бірігіп, бейбітшілік сүйгіш мемлекеттердің арасында өзінің лайықты орнын алуын тілейміз. Жер жүзінің барлық жастарымен бірге біз жаңа соғыс өртің тұтаңдыруға тырысушы милитаристік күштердің жолын бөгеп өзміздің күшімізді біріктіруге тиістіміз.

Освенцимнан шығып, фестивальға қатысушылардың біртобы Краков қаласына бет алып, қаланы аралап көрді, ал одан кейін Новой Гутедегі В. И. Ленин атындағы металлургия комбинатында болды. Жігіттер мен қыздардың басқа тобы Сталиноградте болды. Барлық жерде Польша еңбекшілері бейбітшіліктің жас өкілдерін зор ықыласпен қарсы алды.

ИНДОНЕЗИЯДА ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСТІҢ АШЫЛУЫ

ДЖАКАРТА, 11 август. (ТАСС). Кеше Джакартада Индонезияның ұлттық конгресі ашылды. Бұрын мәлім болғанындай, барлық партиялардың, кәсіподақтардың, Индонезия еңбекшілерінің барлық топтарының өкілдері қатыса алатын конгресс шақыру идеясын өткен жылдың аяғында президент Сукарно айтқан болатын.



мнездер Ляна мен Андрийге де тән сыяқты.

Андрий, Григорий, Алексейлер репетицияға келмеген соң қыздар Лянаның ақтызымен көрші колхоздың музыканттарына шақырады. Бұл Ляна мен Андрий арасындағы қарым-қатынастың аз күн суынуына әкеп соғады. Әрине, бұл Ляна үшін жеңіл жай емес еді. Тап осы кездегі өз кейіпкерінің ой-дүниесін артистка И. Игнатованың көдіуігі өмірдегідей, панымды шығарғанына еш шүбә келтірмейсің.

## Жаңа оқу жылына дайын

Талдықорған облысы, 28 гвардияшылар атындағы ауданның Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің мектептерді бүкілхалықтық қамқорлыққа алу жөніндегі республика жұртшылығына арнаған үндеуін Петропавл ауданының еңбекшілері қызу қарсы алды. Ауданның колхоздары мен совхоздарында және машина-трактор станцияларында еңбекшілер бұл бастаманы зор өрлеу үстінде талқылап, мектептерді жаңа оқу жылына дайындау жұмыстарына нақтылы көмектер көрсету жөнінде өздеріне міндеттемелер алды. Олар бұл міндеттемені аброймен орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Ауданның Димитров атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері панфиловтықтардың игілікті бастамасына іспен үлес қосқандардың бірі болды. Колхозшылар солодағы Ново-Каменка жетіжылдық мектебін жаңа оқу жылына дайындауға көмектесу жөнінде міндеттеме алған еді.

## Мәдени-үгіт бригадасы

Преснов ауданы, Молотов атындағы колхоздың көркемөнерпаздары егін орағы кезінде егіншілер мен механизаторларды мәдениетті қамтуға айтарлықтай әзірленді. Көркемөнерпаздар коллективінің құрамында 30 адам бар. Оны колхозшы Павел Сергиенко басқарады.

Колхоз мәдени-үгіт бригадасына арнаулы машина бөлігі. Көркемөнерпаздар-

тері сезіліп тұрады. Композитор Ш. Аранов шығарған фильмнің музыкасы колхоздың бүгінгі өмірін жырлайтын көңілді әндерімен ғана емес, әрбір кейіпкердің басындағы жағдайға, ішкі ой-сезіміне музыка әуенінің сай келіп отыратындығымен есте қалады.

«Ляна» кинокомедиясы біздің елде ұлт искусствосының мейлінше өсіп, гүлденгенін бейнелейді.

М. НҮРПЕЙІСОВ.

Олар бұл міндеттемені аброймен орындап шықты. Мектеп үйі кезекті жөндеуден өткізіліп, қысқа қажетті отын толық даярланды. Барлық класс бөлмелері сырланып, қажетті орындық, парта, тақталармен қамтамасыз етілді. Колхоз бастауыш партия ұйымы сонымен қатар оқушылардың оқулықтармен және жазу, сызу құралдарымен деркезінде қамтамасыз етілуіне де көңіл бөлуде.

Еңбекшілердің қажырлы еңбегі нәтижесінде осы аудандағы Ақнас жетіжылдық мектебі мен Олышанка бастауыш мектептері де жаңа оқу жылына дайын болып отыр. Бұл мектеп басшылары Никифорова және Сазонов жолдастар мектептің жөндеу жұмыстарын жүргізуде колхозшылар көмегін орынды пайдалана алды.

Бұл күндері ауданның барлық мектептерінде жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр.

К. БЕРДІБЕКОВ.

мен бірге мәдени-үгіт бригадасының құрамында лекторлар мен баяндамашылар болады. Олар концерттің алдында түрлі тақырыпта лекциялар оқып, баяндамалар жасайды. Колхоздың мәдени-үгіт бригадасы Майбалық МТС-нің қамтуындағы басқа колхоздарды да қамтығын болады.

Ж. ӨМІРБЕКОВ.

## Қабырға газеттері редакторларының кеңесі

Совет аудандық партия комитетінің кітапханасында колхоз, совхоздардың және МТС-тердің қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктары редакторларының кеңесі болып өтті. Кеңесте қабырға газеттерінің міндеттері жөнінде аудандық «Социалистический труд» газетінің редакторы В. Зинovieв жолдас баяндама жасады.

Кеңесте қатысушы қабырға газеттерінің редакторлары СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысы жөнінде, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптарда лекциялар тыңдады. Бір-бірімен тәжірибе ауысып, өзара пікір алды.

Т. КӨПБАЕВ.

зиргі уақытта жаңартылған және жаңадан салынған 16 цех толық және біртіндеп пайдалануға берілген.

Мукденнің бірінші станок жасайтын заводы машина жасау өнеркәсібінің қажеттері үшін станоктар шығарады және елді социалистік индустрияландыру ісінде маңызды роль атқаратын болады.

## АМЕРИКАН ГАЗЕТІ ССРО-МЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӨРКЕНДЕТУДІ ЖАҚТАЙДЫ

НЬЮ-ЙОРК, 10 август. (ТАСС). «Чикаго сан энд таймс» газеті редакциялық мақаласында ССРО-мен байланыстарды нығайту туралы мәселеге тоқтала келіп, былай деп жазады: «Совет Одағы жаңа меймандостық қадам жасады. . . Конгресс мүшелеріне және адамдар ретінде Совет Одағына желуге рұқсат беріп, орыстар адамдар жіберіп отыру қолымен ізгі ниет көрсетуде АҚШ-тан басып өзды». Мұнымен бірге, деп көрсетеді газет, «егерде өте ерекшелік жасалмаса, иммиграция туралы Махкарэн заңының көмегімен жасалған Америкадағы темір шымылдықтың ар жағына бірде-бір коммунист өте алмайды». Егер ол ресми делегацияның мүшесі болмаса, АҚШ-қа коммунистің бірде-бір мүшесі жіберілмейді.

«Америкада әзірше темір шымылдык бар болып тұрғанда, — деп жазады газет, — президент Эйзенхауэрдің елдер арасындағы мәдени байланыстарды жақсарту саласындағы жоспарын жүзеге асыру біздің елімізге қыйын болады».

## «АДАМЗАТ ЯДРО ҚУАТЫН БЕЙБІТ МАҚСАТТАРҒА ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ»

ДЕЛИ, 10 август. (ТАСС). Индия газеттері индия жұртшылығы, әсіресе ғылыми топтар көп назар аударып отырған атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөніндегі халықаралық ғылыми-техникалық конференция туралы көптеген хабарлар жариялауда.

«Хиндустан Стандард» газеті өзінің басмақаласында адамзат ядро қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалана алады деген үміт білдірген. «Женевада ашылған атомды бейбіт мақсатқа пайдалану жөніндегі конференцияның өзі мұның бақытты елесі болып табылады, деп жазады газет. — Құпия мен күдіктену пердесі сырылып тасталды, соғыс аяқталғаннан бергі уақытта Совет Одағының белсенді араласуымен алғашқы рет атом қуатын пайдалану жөніндегі халықаралық конференция шақырылды».

зерттеу мақсатында, дефектоскопия, физиологиялық және биохимиялық процестерді, химиялық реакциялардың механизмдерін және басқаларды зерттеу үшін пайдалану мысалдары келтірілді.

Зелигмен мұнымен бірге радиоактивтік изотоптарды өнеркәсіптің түрлі салаларында пайдалану мысалдарын келтірді.

Бұл баяндамаларды талқылауға совет делегациясының мүшесі профессор А. М. Самарин қатысты. Ол изотоптарды қолдану саласындағы тәжірибелерді халықаралық алмасу барлық елдерде де өнеркәсіптің прогресіне көмектесетін болады, деп атап көрсетті.

Совет ғалымы профессор А. Л. Курсанов конференцияға ССРО-ға радиоактивтік изотоптарды биология мен ауыл шаруашылығында пайдалану туралы баяндама тапсырды, ол баяндама Совет Одағында өсімдіктерді «таңбалы атомдардың» көмегімен зерттеуде табылған өте-өте елеулі нәтижелерге шолу болып табылады және осы салада Совет Одағында жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі мен бағытын сыйпаттайды.

ССРО-да изотоптар өндірісін ұйымдастыру, деді баяндамашы, биология мен ауыл шаруашылығы саласында ғылыми-зерттеулер үшін жаңа кең мүмкіндіктер ашты.

Биологиялық және ауыл шаруашылық лабораторияларының практикасына, деді профессор Курсанов, радиоактивтік элементтер кең енгізілгеннен бері оншама көп уақыт өткен жоқ. Бірақ осы қысқа мерзімнің өзінде-ақ «таңбалы атомдар» өсімдіктер тіршілігінің көптеген жаңа жоспарын ашуға көмектесті, бұл тіршіліктерді жою ауылшаруашылық дақылдарын қоректендіру мен күтуді дұрысырақ ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Өсімдіктерді радиоактивтік элементтердің көмегімен

## Индонезияның жаңа үкметі

ДЖАКАРТА, 11 август. (ТАСС). Бүгін вице-президент Хатта мусульмандардың «Машуми» партиясы лидерлерінің бірі Харахан бастаған Индонезияның жаңа үкметінің құрамын бекітті.

Коалициялық сыйпаты бар үкметтің құрамына елдің әртүрлі оңшыл партияларының, оның ішінде мусульмандық «Машуми» партиясының, мусульмандардың біріккен партиясының (ПШИ), «Нахдатул Улама» партиясының, социалистік

## ИСПАНИЯДА ФРАНКОҒА ҚАРСЫ ҚЫР КӨРСЕТУЛЕР

ПАРИЖ. (ТАСС). Испан компартиясының астыртын шығып тұратын «Мундо обреро» газетіне сүйене отырып, «Юманите» Испанияда болған франкоға қарсы қыр көрсетулер туралы хабарлай-

ды. Бүгінгі таңда Испаниядағы жаңа үкметтің қолымен өсімдіктерді тамырдан тыс үстеп қоректендіру әдісін дәлелді түрде қолдануға мүмкіндік берді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ұйымы (ҒАО) конференцияға қатысушыларға изотоптарды ауыл шаруашылығы саласында қолдануға арналған баяндама тапсырды. Баяндамада атом қуатын ауыл шаруашылығында қолдану барлық елдерде тұрмыс дәрежесінің арттырылуына қызмет етеді деп атап көрсетілген.

Пленарлық мәжілістің қорытындысында конференцияға қатысушылар радиоактивтік қалдықтарды ұзатып өкету проблема-сына арналған доктор Э. Глюкауф (Англия) және профессор Э. Уолменнің (АҚШ) баяндамаларын тыңдады.

ЖЕНЕВА, 11 август. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Кеше конференцияның сессиялары жұмысын бастады. Физика мәселелері мен шұғылданатын секцияда басқалармен бірге совет ғалымдары М. Пасечник, П. Спивактың және Л. Грошевтың баяндамалары тыңдалды.

Бүгін физика секциясы жұмысын оған әрі жүргізді. Мұның үстіне химия, металлургия және технология секциясы және биология, медицина секциясы мәжілістер өткізді.

Химия, металлургия және технология секциясының ертеңгі мәжілісі уран мен торий өндіруге арналды. Бұл мәселені талқылауға ССРО, АҚШ, Югославия, Англия, Индия және басқа елдердің делегаттары қатысты.

Совет ғалымдары В. Баранов пен А. Сауковтың баяндамаларында жаншай көңіл бөлу туғызған уран және торий рудаларын іздестірудің ССРО-да қолданылып жүрген әдістері туралы хабар етілді.

партияның, католиктік партияның және басқаларының өкілдері кіреді.

Премьер-министрдің және қорғаныс министрінің орнын Харахан («Машуми» партиясы) алған, сыртқы істер министрі — Анак Агунг (демократиялық партия), ішкі істер министрі — Сунарбо («Нахдатул Улама»), финансы министрі — Сумитро (социалистік партия), экономика министрі — Басимо (католиктік партия), ауыл шаруашылығы министрі — Сарджан («Машуми» партиясы) болған.

ды. Жуырда Сарагоса қаласында өте-өте ірі қыр көрсету болған. Полицияның жүгенсіздігіне ызығалған 4 мыңнан аса испандықтар франкоға қарсы урандар көтеріп айқайлаған.

Конгреске 500-ден астам делегаттар қатысуда, олардың ішінде көрнекті қоғам және саяси қайраткерлер, бұлардың арасында бұрынғы премьер-министр Али Састраамиджойо және оның кабинетінің көптеген министрлері бар. Конгрестің күн тәртібінен, сондай-ақ, депутаттардың сөйлеген сөздерінен көрініп отырғанындай, конгресс елді толық азат ету жолындағы күресте халықтың барлық күшін біріктіріп, толық ұлттық бірлікке жету үшін шақырылған. Конгрестің жұмысының маңызды мәселесі Батыс Приан проблемасын талқылау болып табылады. Делегаттар Батыс Прианды азат етіп және оны республикаға біріктіру жолындағы күресте халықтың барлық күшін біріктіру қажет екендігін атап айтуда. Соның өзінде делегаттар көзір империалистер соғыс базаларын салып жатқан Батыс Приан Индонезияның тәуелсіздігіне қатер төндіретіндігін атап айтқан. Конгресс сонымен қатар сыртқы саясат мәселелерін талқылайды. Бүгін бірқатар делегаттар халықтар арасында достықты нығайтуды және Азия мен Африка елдері конференциясының принциптерін жүзеге асыруды жақтаған пікірлер айтқан.

## БОЛГАРИЯДА ЕГІН ЖЫЙНАУ

СОФИЯ, 11 август. (ТАСС). Бидай оруды аяқтаған Болгарияның еңбек кооперативтік-жер шаруашылығы мен МТС-тері жүгері, мақта, күнбағыс, қант қызылшасы және басқа кеш пісетін дақылдарды жыйнауға әзірленуде. Үстіміздегі жылы бұл дақылдар көп алаңда машиналармен жыйналатын болады. Болгарияда алғаш рет жүгері жыйнайтын комбайн және мақта жыйнайтын машиналар кеңінен қолданылатын болады. Бұлар Совет Одағынан әкелінген. Күнбағыс жыйнауға МТС-тердің және мемлекеттік жер шаруашылықтарының 1300-ден астам комбайндары, ал қызылша жыйнауға 100 қызылша жыйнағыштар мен көп мөлшерде комбайндар жұмыс істемек.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЛЯНА»

Сеанстар кешкі 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«МАХАББАТ ШАҒЫ»

Сеанстар кешкі 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.